



БАҒАЛЫ
БАЙЛАНЫСТАР
БАСТАУЫ

2-бет



«ЕҢБЕК ЕРІ»
АТАНДЫРЫП
ШЫҒАРЫП САЛУ
КЕРЕК ЕДІ...

12-бет



АҚЖОЛДЫҚТАР
БАС ПРОКУРАТУРАНЫҢ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ
ҚҰЗЫРЕТІН ТОЛЫҒЫМЕН
ҚАЙТАРУДЫ СУРАДЫ

6-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№26 (1052) 26.06.2023 жыл



ТІЛЕУБЕРДІНІ ТАНЫДЫҚ ПА?..

Мүсінші Т.Бинашев
туралы сыр

Хакімжан Наурызбаев: «Соғыс кезінде Мәскеу, Ленинградтағы белгілі, атақты мүсіншілер, суретшілердің бәрі Алматыға көшіп келген еді ғой. Ольга Николаевна Кудрявцева мені тәрбиесіне алуға өтініп сұрап алды. Оның ұстазы Элеонора Абрамовна Блок болатын, ал ол Роденнің шәкірті еді. Міне, айналып келгенде, талантты мүсінші, менің шәкіртім – Тілеуберді Бинашевтің қайдан шыққанын біле бер».

8-9
бет

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ ПАРЛАМЕНТ БАҚЫЛАУЫНА БЕРІЛСІН

«АҚ ЖОЛ» ФРАКЦИЯСЫ ҮКІМЕТТІҢ ЕСЕБІН ҚАТАҢ СЫНҒА АЛЫП,
ОНЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫНА ҚАРСЫ ДАУЫС БЕРДІ



2022 жылға арналған республикалық бюджет қабылданғаннан кейін соған 8 рет түзету енгізілген. Сонда да, 162 млрд. теңгеге 2 түзету орындалмай қалды. Мұндай жауапсыздық – бюджеттік тәртіптің күйреуі деп санаймыз. Жеке компанияда мұндай «жоспарлау» үшін жауапты менеджмент жұмыстан шығып кетер еді. Мемлекеттік қызметкерлер де халық ақшасын басқаруды сеніп тапсырған ме-неджерлер. Бірақ үкіметтің солардың көзбояушылықтарын жазалағанын естіген жоқпыз.

7
бет

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ - ҚОҒАМ ҚОЛДАЙТЫН ҚҰРЫЛЫМ

Қасиетті Түркістан жерінде Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысы өтті. Осыдан бір жыл бұрын қазақтың қастерлі өлке Ұлытаудан бастау алған Ұлттық құрылтай биыл Алаш атаулының рухани астанасы, одан әрісі бүкіл түркі халықтары үшін киелі шаһар саналатын Түркістанда туын көтерді. Түркістан ғасырлар бойы қазақ халқының маңызды саяси-мәдени орталығы болып келді. Қазақ мемлекетінің бас қаласы ретінде тарихта терең із қалдырып, бүкіл әлемге танылған. Қазақтың хандары осы жерге туын тігіп, шетсіз, шексіз Ұлы далада билігін жүргізген.

4
бет



ЕЛ ЕСЕНДІГІ ЕРТЕДЕН САҚТАЛАДЫ

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы әлемнің озық үлгідегі клиникаларымен, орталықтарымен және қоғамдарымен ынтымақтастық орнатып жемісті жұмыс істеп келеді.

13
бет

ИСТОРИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ СОЗДАНИЯ ИНДУСТРИИ ТУРИЗМА В РК

В глобальном рейтинге туризма в 2021 г. Казахстан занял «среднее» 66 место среди 117 стран (в 2019 году – 80 место из 140). В основном это происходит из-за высоких цен, низкого качества сервиса и инфраструктуры, слабой PR-кампании Казахстана за рубежом. Стоимость отдыха в основном зависит от цены проживания, питания и авиабилета (от расходов на дорогу).



14
бет

БАҒАЛЫ БАЙЛАНЫСТАР БАСТАУЫ

Германия президенті Франк-Вальтер Штайнмайер елімізге арнайы іс-сапармен келді. Қазақстан мен Германия президенттері кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Германия Президенті бастап келген неміс делегациясына ілтипат білдіріп, Франк-Вальтер Штайнмайердің мемлекеттік сапары Қазақстан мен Германия арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты нығайтуға жол ашатынын атап өтті.

Келіссөздер барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мәселесіне баса мән берілді. Германия – Қазақстанның Еуропалық Одақтағы маңызды сауда-экономикалық және инвестициялық серіктестерінің бірі. Германияның Орталық Азия елдерімен сыртқы саудасының 80 пайыздан астамы біздің елге тиесілі.

Энергетика, өңдеу өнеркәсібі, машина жасау, көлік және логистика, жанарғылы энергия көздері, сирек кездесетін жер металдарын игеру және ауыл шаруашылығы салалары екі-жақты қатынастардың маңызды бағыттары саналады. Осы ретте Мемлекет басшысы неміс компанияларын Қазақстандағы жасыл энергетика саласына инвестиция құюға шақырды. Атап айтқанда, тұрап қалатын инвестиция зауыт құрылысын бастауды құптады. Оны Svevind Energy неміс-швед компаниясы жүзеге асырады. Бұл жобаға салынатын инвестиция көлемі 50 миллиард долларды құрайды.



Кездесу барысында тараптар Транскаспий халықаралық көлік бағыты аясында өзара іс-әрекеттерді күшейтуге баса мән берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай – Еуропа бағдары бойынша құрлық жолымен тасымалданып жүртің 80 пайызы Қазақстан арқылы өтетінін айтып, еліміздің өңірлік хабқа айнала бастағанына айрықша назар аударды. Мемлекет басшысының пікірінше, Шығыс пен Батыс нарықтарын жалғайтын бұл көлік-логистикалық дәліздің стратегиялық маңызы зор. Былтыр осы бағдар арқылы 1,7 миллион тоннаға жуық жүк тасымалданған. Бұл 2021 жылғы көрсеткіштен екі есе көп. Бұдан бөлек, мемлекеттер басшылары ауыл шаруашылығы, баламалы энергия көздері салаларындағы, арнайы экономикалық аймақтар мен қаржы институттары аясындағы ынтымақтастықтың перспективаларына тоқталды.

Франк-Вальтер Штайнмайер Астанаға арнайы шақырғаны және қазақ халқына тән қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Ол келіссөздер табысты өткенін атап өтіп,

бірлескен жобаларды жүзеге асыру маңызды екенін жеткізді.

Қазақстан Германияны мұнаймен қамтамасыз етіп отырған негізгі 4 мемлекеттің бірі. Сондықтан Маңғыстаудағы жасыл сутегін өндіруге арналған бірлескен жобаның маңызы зор. Немістің озық технологиясы мен тәжірибесі негізінде кәсіби мамандар дайындау қажет. Осы ретте Ақтауда Қазақ-Неміс инженеринг институты ашылмақшы. Бұл жобалар екі елдің студенттері мен мамандары арасында тәжірибе алмасуға, өндіріс саласын білікті кадрлармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы жылына өзге елдер басшыларымен ондаған кездесулер өткізіп, көптеген келіссөздер жүргізіп келе жатқаны жұрт назарында. Бұл кездесулер еліміздің өзге мемлекеттермен саяси, экономикалық, мәдени байланыстарын арттыруға зор ықпал етеді. Ол өз кезегінде еліміздің жан-жақты дамуына жол ашады. Президенттің мұндай мемлекетаралық келісімдері – еліміздің экономикасын дамытудағы бағалы байланыстар бастауы болып табылады.

МЕМЛЕКЕТ ҚАРЫЗЫ ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

Биыл республикалық бюджеттің кірісі өседі. Бұл туралы Парламент палаталарының бірлескен отырысында Үкіметтің және Жоғары аудиторлық палатаның 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін қарастыру кезінде Үкімет басшысы Әлихан Смайылов айтты.

Бірлескен отырыста депутаттар мемлекеттік қарызды азайту үшін қандай қадамдар жасалып жатқанын сұрады. Премьер-Министр мемлекеттік борышты азайту мәселесі Үкіметтің тұрақты назарында тұрғанын айтты.

«Қарыз сомасы қауіпсіз деңгейде тұр. Жалпы ішкі өнімге шаққанда 24,7 пайызды құрады. Мемлекеттік қарызды азайту және соған қатысты бюджет шығындарын төмендету мәселесін шешу үшін Үкімет бірқатар шараны қабылдады. Біріншіден, республикалық бюджеттің тап-

шылықты кезең-кезең төмендету ескерілген. Бұл өз кезегінде жаңа қарыздарды алуды шектейді. Екіншіден, бюджет кірісін ұлғайтуға екпін қойылған. Бұл тұрғыда салық әрі кеден саласындағы әкімшілендіру ары қарай жетілдірілмек, яғни цифрландыру жалғасады. Мәселен, былтырдың қорытындысы бойынша республикалық бюджеттің кірісі 42 пайызға өсті. Ал биыл да өсім 40 пайыз шамасында болады деп жоспарланған», – деді Ә. Смайылов депутаттардың сұрағына жауап бергенде.

Оның айтуынша, қарызды ішкі нарықтан теңге валютасында алуға екпін қойылып отыр. Бұл өз кезегінде валюта саласындағы тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

«Жалпы, келер 5 жылда мемлекеттің қарызы қауіпсіз деңгейде болады. Жалпы ішкі өнімге шаққанда 25 пайыздан шегінен аспайды деп есептейміз», – деді Үкімет басшысы.

СЫРТТАН ТИІМСІЗ ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАР ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНСЫН

Жоғары аудиторлық палата төрайымы Наталья Годунова Парламенттің бірлескен отырысында мемлекетті органдарға сырттан тиімсіз қарыз тартқаны үшін салынатын айыппұл мөлшерін арттыруды ұсынды.

«2021 жылғы республикалық бюджетті орындау туралы есептің қорытындысы бойынша 33 ұсыным берілді. Үкімет бюджет тәуекелдерін айқындап, 2050 жылға дейінгі мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді тұрақтылығына талдау жасады. Қарыз саясатында біртіндеп тәртіп пайда болып келе жатыр. Сыртқы қарыздарды тиімсіз тартқаны және оларды уақытылы игермегені үшін лауазымды тұлғалардың дербес әкімшілік жауапкершілігі енгізілді. Мұндағы 100 АЕК мөлшеріндегі айыппұл сомасын көбейту керек деп санаймыз», – деді Наталья Годунова.

Палата басшысы салық түсімдерінің болжау тәсілдері өзгергенін атап өтті.

«Ол тәсілдер 2024-2026 жылғы бюджет кезеңінде қалай жұмыс



істейтінін көрсетеді. Осы кезге дейін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы пайдаланылмайтын қаражат мәселесі шешілген жоқ. Мемлекеттік мекемелер эскроу-шоттарды жұмыстарды нақты орындамастан пайдалануын қоймай келеді. Мемлекет-жеке меншік әріптестігі саласында ашықтық жоқ. Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, сәйкесінше инвесторларды тартудағы қиындықтарды туындатады. Ал Мемлекет-жеке меншік әріптестігі аясындағы конкурстық рәсімдердің веб-порталын пилоттық режимде іске қосу енді ғана жоспарға еніп отыр», – деді Жоғары аудиторлық палата төрағасы.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ БӨЛШЕК САЛЫҚ МӨЛШЕРІ ТӨМЕНДЕТІЛЕДІ

Қарағанды облысында жеке тұлғаларға сату кезінде бөлшек салық мөлшерлемесі 4-тен 2%-ға дейін төмендетіледі. Жаңа ереже бөлшек салықтың арнайы салық режимін қолданатын кәсіпкерлерге әсер етеді. Бұл кәсіпкерлерге салық жүктемесін жеңілдетуге, бизнес-ахуалды жақсартуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы шеңберінде бөлшек салықтың арнайы режиміне қатысты және жергілікті өкілді органдарға төлемнің базалық мөлшерлемесін 50%-ға төмендетуге мүмкіндік беретін салық заңнамасына түзетулер 30 мамырда күшіне енді.

Қарағанды облысының басшысы, қалалар мен аудандардың әкімдері депутаттық корпуспен бірлесіп, бөлшек салықтың арнайы режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесін 4-тен 2%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады. «Республикада кәсіпкерлер үшін бөлшек сауда салығын 4-тен 2%-ға дейін төмендеткен бірінші болып Қарағанды облысының Шет ауданы болды. Абай ауданында да БСМ мөлшерлемесін төмендету туралы шешім қабылданды. Осы жылдың 1 шілдесіне дейін Қарағанды облысының барлық аумағында бөлшек салық мөлшерлемесін төмендету жоспарланып отыр», – деді аймақтағы кәсіпкерлік басқармасының басшысы Дастан Құдабаев.

Бизнесті қолдаудың бұл шарасын қызметтің 190 түрі бойынша 35 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектісі пайдалана алады.



ДИМАШ МАЛАЙЗИЯ МЕДАЛІНЕ ИЕ БОЛДЫ

Малайзия астанасына «Stranger» жеке концертін өткізуге барған Димаш Құдайбергеге орындаушылық өнері үшін медаль табысталды.

Димаш Құдайбергегенің сапары Малайзия City University оқу орнының басшылығымен, дипломатиялық корпус өкілдерімен, студенттермен, журналистермен және әртістің жанкүйерлерімен кездесулерге басталды. Университет негізін қалаушы және басқарушы директоры Датин Рохайда Шаари Димашқа орындаушылық өнері медалін табыстады. Әнші өзінің музыка саласындағы еңбегін мойындағаны үшін алғысын білдіріп, Малайзиядағы ең танымал жоғары оқу орындарының бірінің беделді марапатын

алу үлкен мәртебе екенін атап өтті.

Баспасөз мәслихатында Димаш музыкалық өнер адамдары бірігуге, балалардың өмірін, сүйіспеншілігін, достығын және болашағын сақтау үшін ұлттық, әлеуметтік, діни белгілер бойынша арандатушылықты тоқтатуға шақырынып атап өтті. Сонымен қатар, әртіс бейбітшілікті нығайтудағы шығармашылықтың рөлін атап өтті. «Көптеген жыл бойы мен байланыс арқылы және музыка арқылы бейбітшілік пен бірлікті үнемі насихаттап келемін. «Бір аспан тарихы» әнімнің бірінде мен әлем идеясын жеткізуге тырыстым, әр адамға әр мәдениетті құрметтеуге шақырдым. Бұл ән әлемнің қиындықтарымен күресетіндердің жүрегі мен санасына әсер етеді деп үміттенемін», – деді ол.

«САҚАЛДЫ» ҚҰРЫЛЫСТАР БЮДЖЕТТІҢ СОРЫ

Мәжіліс депутаты Ұласбек Сәдібеков Парламент палаталарының бірлескен отырысында «сақалды» құрылыс мәселесіне қатысты пікір білдірді.

«Құрылыстың нормативтік мерзімі сақталмайды. 2022 жылғы мертемегерлердің шарттық міндеттемелерді орындамауы салдарынан 18,1 млрд. теңге игерілмей қалды. Мысалы, Қарағанды қаласында құны 6,1 млрд. теңге деп есептелген 200 орындық облыстық көпбейінді балалар ауруханасының құрылысы 2013 жылы басталған. Мердігерге қойылған талаптарға байланысты жұмыс 4 жылға кешікті. Салдарынан жұмыс құны 2 еседен астам өсіп, 12,5 млрд. теңгеге

жетті», – деген Ұласбек Сәдібеков елордадағы жылу электр орталығының проблемасына да тоқталды. «Ал Астана қаласындағы сапасыз жоспарланған №3 жылу электр орталығының құрылысы 65 айда бітуі керек болатын. Құрылысы 2010 жылы басталған объект бойлығы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлі аяқталмай отыр. Сөйтіп, жобаның құны 86,8 млрд. теңгеден 122 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Республикалық бюджет бағдарламаларының әкімшілері бюджет қаражатының тек игерілуін ғана бақылау практикасынан алшақтап, жергілікті атқарушы органдардың жобаларды іске асыруды бақылау мен мониторингтеуді күшейтуге баса назар аударуы қажет», – деді депутат.

Қасиетті Түркістан жерінде Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысы өтті. Осыдан бір жыл бұрын қазақтың қастерлі өлке Ұлытаудан бастау алған Ұлттық құрылтай биыл Алаш атаулының рухани астанасы, одан әрісі бүкіл түркі халықтары үшін киелі шаһар саналатын Түркістанда туын көтерді. Түркістан ғасырлар бойы қазақ халқының маңызды саяси-мәдени орталығы болып келді. Қазақ мемлекетінің бас қаласы ретінде тарихта терең із қалдырып, бүкіл әлемге танылған. Қазақтың хандары осы жерге туын тігіп, шетсіз, шексіз Ұлы далада билігін жүргізген. «Қазақ бұрын мемлекеттік болмаған, шекарасын шегендеп, алғаш рет тәуелсіз мемлекет құрдық!» – деп қуыс кеудесін қағатындардың жаңсақ пікірін жоққа шығаратын нақты дәлел осы емес пе! Ұлттық құрылтайдың келесі отырысы тарихы тереңде жатқан әйгілі Сарайшық қаласында атақты хандарымыз ордасын құрған Атырау облысында өтпекші. Бұл да қазақтың әр аймағының өзіндік құнды тарихы мен ерекше маңызы бар екенін көрсетсе керек...



жағдай бірінен кейін бірі болып жатыр. Қазақстанда су мәселесі бар. Қазақ табиғатқа тырнақ батырмаған халық. Сол себепті Аралды да сақтап қалды. «10 жылдан кейін не болады?» деген сұраққа жауап беретін адам жоқ. Елімізде көне жазбаларды оқитын ғалымдардың саны жетпей жатыр. Мұра бар. Мұраны дамытатын, зерттейтін, оқитын, зерделейтін мамандар жоқ» – деді ол. Бұл мәселелерді шешу үшін гуманитарлық салаға қаржы бөліп, зерттеу жұмыстарын жүргізу керектігін айтты. Айдос сарым Ұлттық құрылтайда көптеген ұсыныстар айтылғанын атай келе шын мәнінде ұлтқа қажетті, ұлттың болашағына қауіп төндіретін нәрселерді талқылауға негізделсек, әлдеқайда тиімді болатынын алға тартты.

Ұлттық құрылтайға ҚХА мүшелері де қатысты. Астана қаласы

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ – ҚОҒАМ ҚОЛДАЙТЫН

«Дала төрінде Жошы хан әулеті Кенесары ханға дейін 6 ғасырдан астам уақыт ел басқарды. Тіпті, әлем тарихында мұндай мысалдар көп емес. Біз қазір Бабаларымыз кеңес құрған әйгілі Көкөтөбенің іргесінде отырмыз. Әбіш Кекілбаев «Қазақ рухының қағбасы» деп атаған Ордабасы осы жерге тиіп тұр. Осынау әйгілі төбелерде халқымыздың игі жақсылары сан рет бас қосқан. Ұлт тағдыры сыңа түскен сәттерде бәрі ақылдасып, елдің болашағын айқындаған. Қалың жұрт саликалы сөзге тоқтап, ел бастаған ерлеріне көш тізгінін ұстатқан. Бір ел, бір халық болып, сыртқы қатерге қарсы тұрған. Қазақтың бірлігі мен тұтастығының ордасы болған киелі Түркістан болашақта да осы мәртебелі миссиясын атқара береді. Сондықтан осы аймақты басқарып отырған басшыларға зор жауапкершілік жүктеледі. Қанша дәуір өтсе де, ұрпақтар сабақтастығы үзілмейді» – деген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл сөзі Ұлттық құрылтайдың аса маңызды құрылым екенін тағы да бір рет айқындап берді.

Сонымен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы қалай өтті, қандай келелі мәселелерді көтерді, алдағы уақытқа қандай міндеттерді белгілеп жүктеді? Алдын ала айта кетейік, биылғы құрылтайдың маңызы өзгеше, мазмұны жағынан да ауқымды болды десек қателеспейміз. Ол Құрылтайдың бірінші күні бірнеше тақырып бойынша өткен жан-жақты қызу талқылаудан-ақ байқалды. Оған қатысушы ғалымдар, саясаткерлер, өзге де түрлі мамандық иелері, елімізге танымал тұлғалар Үкімет мүшелеріне жаузе-жүз кездесіп, өз ойларын ортаға салып, бастамашыл ұсыныстарын батып түрде жеткізді. Ұлттық құрылтайға қатысуға келген делегаттар өз мәселелеріне қарай үш секцияға бөлініп пікір алмасты. Мысалы, түске дейін өнер, мәдениет, руханият және қоғамдық даму тақырыбын көтеруге келгендер бас қосса, түстен соң білім және ғылым саласы бойынша елімізге белгілі азаматтар кездесті. Әр отырыста олар қоғамдағы өзекті

мәселелерді талқылап, оны іске асырудың жолдарын ұсынды. Солардың кейбір пікірлеріне тоқтала кетейік.

Алаштанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Дикан Қамзабекұлы рухани астанамыз Түркістан қаласында өткелі отырған құрылтайдың маңызы жоғары екенін, орданы жиында келелі мәселелер көтеріліп, халықтың сұранысына сай қызмет етуге, абыройлы іске бастайтынын білдірді. «Құрылтай Президент жанындағы кеңесші орган болғандықтан мәселені көтеру жұмыстың бір жағы ғана. Оп-онай шешілетін мәселені қиындатпауымыз қажет, керісінше қиын мәселелерді кезең-кезеңімен шешуіміз керек. Бізде көбінесе мәселе айту, бір-бірімізге маңызын жиындар тарқап жатады. Бүгін де тәжірибелі азаматтар жиналып отыр. Атқарушы, заң шығарушы билікке мәселені шешу тетігін көрсете білу керек. Секция отырысында осы тараптан біраз ойлар айтылды», – деді ол.

Диқан Қамзабекұлы өткен қиын жылдарда билік пен қоғам арасында түсінбеушілік, бір-біріне сенбеушілік деген ұғымдар қалыптасқанын еске салды. «Ал шын мәнінде қоғам өзінің сенімді өкілдерін билікке жіберу керек. Соларға сенім білдіріп, мәселелерді шешу тетіктерін солар арқылы жүзеге асыру қажет. Осы

жағдайда қоғамға түсінікті тілмен «жауапкершілік бәріміздің мойнымызда» деген ұғымды сіңіріп, жастарды осы бағытта тәрбиелеуіміз қажет. Сондай-ақ, әрбір істе халықтың сұранымын ескеруге тиіспіз. Халықтың сұранымы – мемлекетшілдік, қоғамның шынайылығы, табиғилық. Соны айқындап, шешу жолында қызмет етсек, халықтың алдында абыройымыз да биік, жүзіміз де жарқын болады», – деді профессор.

Парламент мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильянов ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржылық қолдаулардың мақсатсыз жұмсалып жатқанын ашына айтты. Оның пікірінше біздегі салаға берілген қаржы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп жатыр. Ебін тапқандар оны өз қалтасына басуда. Оның барлығын тоқтату үшін салаға қаржы бөлудің орнына, түрлі саладағы шынайы кәсіпкерлерге төмен пайызбен несие беру керектігін айтты. «Сонда кім жұмыс істегісі келеді, кім өзінің кәсібін ашқысы келеді, кім шаруашылықпен айналысқысы келетіні белгілі болады. Еңбек етемін дегендердің 4-5 пайызбен несие алуға мүмкіндігі болса, экономикамыз өркендеп, мемлекетіміз де дамиды» – деді депутат.

Көптен бері айтылып келе жатқан мемлекеттік тіл мәртебесі

де ұмытқалған жоқ. Академик Асқар Жұмаділдаев техника тілі қазақшыланды ана тілдің мәртебесі туралы айту артық екенін айтты. Академик қазақ тілін дамыту үшін түрлі тіл оқыту курстарына ақша бөлуді тоқтату керек. Ол босқа ақша шашу деп есептейді. Оның орнына ана тілімізді техника тілімен байытуға тырысуымыз керек, сол кезде ана тіліміздің қолданыс аясы кеңейеді. Сондай-ақ, отырыстарда спорт, мәдениет, білім саласындағы өзекті мәселелер де талқыланды. Жастар тәрбиесі, әскердегі әлімжеттіктің алдын алу үшін қоғамдық бақылауды күшейту жайлы айтылды.

Мәжіліс депутаты Айдос Сарым Ұлттық құрылтайдың жұмыс секциясының отырысында Қазақстанда үлкен сынақ күтіп тұрғанын ескертті.

«Менің ойымша, бізді алдағы уақытта 5, 6 үлкен сынақ пен қауіп күтіп тұр. Оның бірі – елдегі инфрақұрылымдық дағдарыс. 60,70 жыл бойы жұмыс істеген инфрақұрылым жүйелері бірінен кейін бірі жарылып жатыр. Бұл үлкен технологияны, үлкен қаражатты, соған қажетті қоғамдық пікірді қажет етеді. Халықпен айтса алатын, халыққа өзінің уәжін кез келген уақытта дәлелдей алатын шенділер қажет» – деді ол. Айдос Сарым сол сияқты екінші қауіп елдегі экологиялық мәселе екендігіне тоқталды. «Экологиялық

«Өзбек этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Шерзод Пулатов мемлекетті тілді дамытып, ерекше мәртебе беру керектігін қолдады. «Мен Қасым-Жомарт Ассамблеясының мүшесімін. Ел бірлігін сақтау ісінде Ассамблея көптеген жұмыс атқарды. Барша ұлттың басын қосты. Біз әрмен қарай осы бірлігімізді сақтауымыз қажет. Бірлік – біздің ұлттық мәселеміз. Осы бағытта мемлекетті тілді дамытып, ерекше мәртебе беруіміз керек», – деді ол.

Шерзод Пулатов Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» жобасы Ұлттық құрылтайдан айқын көрініс тауып отырғанын атап өтті. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет жобасының негізін ұлттық құрылтайдан көріп отырмын. Селебты құрылтайы мұны шыққан азаматтар, олар халықпен әрқашан тығыз байланыста жұмыс істейді. Халық мүддесін осындай аландарда көтеріп, шешілуіне үлес қосып келеді» – деді ол.

Ұлттық құрылтайдың негізгі отырыс ертеңгі күні өтті. Оған Астанадан Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы ұшып келді. Мемлекет басшысы алдымен бүкіл түркі дүниесіне танымал ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің және осында жерленген тарихи тұлғалардың рухына тағзым етіп, құран бағыштады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығында жүргізіліп жатқан ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстары жөнінде мәлімет берілді. Мемлекет басшысы жергілікті атқарушы билік өкілдеріне кесененің тарихи талпынмақтар жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөз сөйлеп, алдымен бұл екінші рет өткізіліп отырған жиынттың маңызы мен ерекшеліктерін тоқталды. «Биылғы құрылтайдың сипаты – өзгеше, мазмұны да – ауқымды. Кешеден бері бірнеше тақырып бой



ынша жан-жақты, қызу талқылау болды. Құрылтайға қатысушылар Үкімет мүшелерімен пікір алмасты, ойларын ортаға салды. Тың бастамалар көтерді. Президент Әкімшілігі соның бәрін мұқият зерделейді. Ортақ бір тұжырымды әзірлейді. Салмақты ұсыныстар алдағы жұмыс кезінде міндетті түрде ескеріледі. Пікірталасқа белсене қатысқан барша азаматтарға ризашылығымызды білдіреміз» - деді ол. Президент Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы не себепті «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» аталуына да қысқаша түсінік бере кетті. «Отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс. Осындай ізгі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды Адал азамат деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады. Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс

қажет. Сол арқылы біз олардың озық ойлары мен өнегелі істерін дәріптейміз.

Шын мәнінде, ұлттық идеология осындай маңызды шешімдер арқылы қалыптасады» – деді Қ.Тоқаев.

Екінші кезекте Президент ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығына тоқталды. Дамыған мемлекеттің бәрі толық зерттелген төл шөжіресін дәріптеуге айрықша мән берілді. Бұл істе ел тарихының көп томдық жинағы басты рөл атқаратынын атап, Қазақстан тарихының көптомдық жинағын келесі жылдың ортасына дейін әзірлеуді тапсыратынын, бұл еңбек ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртуға, мемлекеттілігімізді нығайтуға зор үлес қосары сөзсіз екенін жеткізді.

Сол сияқты мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеуіміз қажеттігі де сөз болды. «Шын мәнінде, қазақтың мәдениеті сан түрлі саланы қамтиды. Халқымыздың ата-бабадан мұра болған мол мұрасы бар. Оны заман талабына сай жаңғыртып, жер жүзіне на-

еліміздің болашағы бұлыңғыр болады. Елімізде 2016 жылдан бері есірткімен күрес жұмыстарын реттейтін арнаулы құжат болған жоқ. Сондықтан былтырғы Жолдауымызда кешенді жоспар әзірлеуді тапсырдым. Үкімет таяу күндері осы мәселе бойынша арнайы жоспарды қабылдайды. Бұл – өте маңызды құжат. Осы құжаттың аясында жан-жақты жұмыс атқарылады» – деді.

Бұқаралық ақпарат құралдары билік пен қоғам арасындағы пәрменді байланыс құралы екені белгілі. Бүгінгі масс-медиа ел өміріне ерекше ықпал ететінін көріп отырмыз. Мемлекет басшысы өз сөзінде бұл саладағы өзекті мәселелерді шешу үшін ақпарат саясатын түбегейлі қайта қарау қажет екенін айтты. Бүгінгі күні медиа саласы, кино және сериал, мультфильм, спорт және музыка шоулары, компьютер ойындары мен кітаптар – бәрі бірігіп, біртұтас жүйеге айналды. Ол озық құндылықтар мен қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Сол сияқты идеология жұмысына кітап басып шығару ісі де қатысты. Бұл салада елімізде шетел

тұстарды атап. Отандық киноның дамуына жаңаша көзқарас, тың серпін керектігін айтқан Президент көрермен санын есептейтін цифрлық жүйе енгізуді Мәдениет және спорт министрлігіне жуық арада осыны қолданысқа енгізуді тапсырды. Киноиндустрияны экономиканың жеке тармағы ретінде қарастырып, кино саласын реформалап мәселелерді нақты шешу қажеттігін айтты.

Елімізде әлеуметтік зерттеу жүргізу мақсатында түрлі мекемелерге қыруар қаржы бөлінгенмен, тәжірибе көрсетіп отырғандай нәтиже көңіл көншітпейді. Өйткені жұмыс жүйелі жүргізілмейді. Талдау, сараптау қызметі сапалы жүргізілсе, мемлекеттік басқарудың тиімділігі артатыны да белгілі. Қ.Тоқаев мемлекетке кешенді түрде жүргізілген зерттеулер мен ұсыныстар өте қажет екеніне назар аударды.

«Бізге сараптау-талдау қызметін тиімді жүргізетін мықты орталықтар желісі қажет. Бұл құрылымдар сапалы әрі сұранысқа ие интеллектуалды өнім ұсынуға тиіс. Еліміз идеологиялық дербестігін сақтау

беру қажеттігі айтылды. «Ең бастысы, біз мемлекеттік аппарат өкілдерінің сана-сезімін өзгертуге баса мән беруіміз қажет. Олар туған-туыстарының арасында не болмаса қоғамда абырой-беделге ие болуды емес, ең алдымен, халыққа, елге адал қызмет етуді мақсат тұтуға тиіс. «Адал азамат» дегеніміз – осы» - деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы соңғы кездері бірқатар кадрлық өзгерістер жасалғанын, ешқандай науқаншылдыққа, мемлекеттік қызметшілерді, жоғары лауазымды тұлғаларды жаппай қызметтен босатуға жол берілмегенін айтты. Оның пікірінше ең алдымен, олардың іскерлік қабілеті мен тәжірибесі ескеріліп, жас, білікті азаматтар бірқатар маңызды министрліктің тізгінін ұстады. Олардың тәжірибесі, соның ішінде өмірлік тәжірибесі аз болғанмен, ол жүре түзелетін уақытқа байланысты мәселе. Бастысы, олардың бойында еліміздің жарқын болашағы үшін адал қызмет етуге қажетті білім, ерік-жігер бар. Басшылық құрамды жанарту жұмысы жалғасын табады. «Мемлекет басшысы ретінде айта-

ҚҰРҒЫЛЫМ

тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады» – деді осы орайда.

Мемлекет басшысы Қазақстан осыдан 2-3 жыл бұрынғы, тіпті, бір жыл бұрынғы қалпынан айтарлықтай өзгергенін, аз уақытта зор серпіліс жасағанымызды айта келе Әділетті Қазақстанды құру министрлер мен әкімдердің ғана міндеті емес, оған бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін айтты. «Ал түпкі мақсатымызға жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер. Бір сөзбен айтсақ, пиғыл өзгермесе, ештеңе де өзгермейді» - деді Президент.

Оның пікірінше біздің әлемдегі орнымыз, ең алдымен, ұлтымыздың сапасына байланысты болмақ. Ол үшін мынандай басты сұрақтарға жауап беруіміз қажет. «Біз болашағы қандай мемлекет құрып жатырмыз? Ұлтымыз нені армандайды? Қазақстан азаматы қандай болуы керек? Еліміздің басты тірегі не? Мемлекет қандай? Мен бүгін осыған қатысты ой-пікірімді ортаға салғым келеді» - деді Қ.Тоқаев. Мемлекет басшысы өз ой-пікірлерін келесі бағытта жалғастырды.

Президент мемлекеттік нышандарды жетілдіру қажеттігін, өйткені елдің ықпалды болуына ұлттық брендтің әсері мол екендігін айтты. Нышандарымыз бірегей ұлттық кодымызды нақты әрі айқын көрсетуі керек.

Қалалардың таңбасын бірыңғай үлгіге ыңғайлап, аймақтық нышандарды әзірлеу және бекіту тәртібін барлық өңірге бірдей етіп ретке келтіру керектігін айтып, мемлекеттік наградалар мәселесіне де тоқталды. «Жуырда біз мемлекеттік сыйлықтарға халқымыздың біртуар перзенттерінің есімін бердік. Әл-Фараби, Абай, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы сыйлықтар бар. Мұндай ұстаным ұлы тұлғаларымыздың есімін ел жадында сақтау үшін

сихаттау керек. Мысалы, өзіміз іргесінде отырған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі бай тарихымыздың символы саналады. Оның ұлт руханиятындағы орны ерекше екенін білесіздер. Осы кесенеге ұлттық мәдени-тарихи ескерткіш мәртебесін беру туралы ұсыныс енгізілген. Мен мұны қолдаймын» – деді мемлекет басшысы.

Президент көтерген ең маңызды мәселелердің бірі ұрпақ тәрбиесіне байланысты болды. «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек. Ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Осы үш бағытты рухани даму саласындағы жұмыстың мызғымас ұштағаны деуге болады. Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек. Бүгінгі интернет дәуірінде бұл оңай шаруа емес. Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасак, бұл – өте қауіпті үрдіс. Ғаламтор арқылы жат діни ағымдардың құрығына түскен жастар да бар. Ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл – ең алдымен, үлкендердің кінәсі» – деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, балаларға экологиялық тәрбие беру маңызды. Оларды табиғатқа жанашырлықпен қарауға үйретіп, мәдени мұраларымызды танып-білуге, қорғауға дағдыландыру қажет. Оқушылар театрға, мұражайға және тарихи орындарға жиі барып, рухани жағынан дамуы керек. Мұндай шаруа бүкіл еліміз бойынша тұрақты түрде жүргізілуі тиіс. Оқу-ағарту және министрлігі мен Мәдениет және спорт министрлігі осы мәселемен бірлесіп шұғылдануы керек.

«Мен тағы бір нәрсеге баса назар аударғым келеді. Бұл – нашакорлық. Бұл – ұлт саулығына зор қауіп төндіретін кесел. Есірткі жастардың жанын да, тәнін де ұлап жатыр. Біз есірткіні қолданудың, дайындаудың және таратудың жолын кесіп, тамырына балта шабуға тиіспіз. Әйтпесе, бүкіл



өнімдері басымдыққа ие. Оның теріс салдары бар.

Сондықтан ұлттық мүддеге сай келетін кітаптарды көптеп басып шығару қажеттігін атады Президент. «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны қолға алуды тапсырамын. Қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерін және жанрларын қамтитын арнайы тізім жасалуға тиіс. Сол тізімдегі кітаптар барлық балаға қолжетімді болуы керек» – деді Қ.Тоқаев. Мемлекет басшысы және азамат ретінде қазақ әдебиетін әрдайым қолдайтынын, туындылар оқырмандарға қолжетімді болуы керектігіне баса назар аударды.

Ал жазушыларымыздың шығармалары халық арасында, әсіресе, жастар арасында сұранысқа ие болуы керек.

Елімізде кино өндірісі туралы да сөз болды. «Расында, бүгінде кино саласында дау-дамай көбейіп кетті. Бірнеше келеңсіз мысалдар бар. Қазір кинотеатр иелері отандық фильмдерді экраннан көрсету үшін қолжеткізгісіз қаржы талап етеді. Билеттен түскен қаржының едәуір бөлігі тағы да кинотеатрлардың және жеке компаниялардың қалтасына кетеді. Бұған қоса, кинотеатрлар фильмді нақты қанша адам көргенін анықтай алмайды. Қысқасы, киноға бүкіл білімін, күш-қайраты мен уақытын сарп еткен мамандарға табыстың аз ғана бөлігі тиіеді» – деді Президент бұл саладағы кемшін

үшін мұны айрықша мән-маңызы бар. Сараптама орталықтары еліміз егемендік кезеңінде жүріп өткен жолдың әр бағытын зерттеуге тиіс. Кемшіліктердің себеп-салдарын анықтау қажет. Үкімет жаңа жоспар жасағанда осы факторлар ескерілуі керек. Ғылым мен зерттеуге негізделген саясат табысты болады» – деді мемлекет басшысы.

Қазіргі геосаяси жағдайларға байланысты шекаралас аймақтарды дамытудың стратегиялық маңызы жоғары.

«Шетелдіктерге қазақтың бір қарыс жерін де, бір уыс топырағын да бермейміз. Оны көздің қарашығындай сақтаймыз» – деген Президент.

Шекаралық аймақтарды дамыту мақсатында Қатон-Қарағай, Марқакөл және Мақаншы аудандарын қалпына келтіру туралы негізгі шешімді қабылдағанын жеткізді. Бұл ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан да өте маңызды мәселе. Осы мәселені көңіл сзбай, шешуіміз қажеттігін айтты.

Қоғамда мемлекеттік аппараттың жұмысына байланысты сын-пікірлер жиі айтылады. Олардың басым көпшілігі орынды екенін Президент те осы отырыста атап өтті. Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту үшін нақты шаралар қабылдап, жергілікті өзін-өзі басқаруды күшейтіп, мемлекеттік қызметшілерге көбірек дербестік

рым, министрлердің, әкімдердің және басқа да мемлекеттік қызметшілердің бойында негізгі екі қасиет болуы керек. Бұл – профессионализм, яғни нағыз маман болу және отаншылдық. Ал олардың Президенттің жеке басын адалдығы мен үшін маңызды емес. Мемлекет басшысын мадақтаудан гөрі жұмысты адал атқарып, халықтың алдында абыройлы болу әлдеқайда маңызды. Барлық мемлекеттік қызметшілерге осыны айтқым келеді» – деді Қазақстан Президенті. «Ұлттың жаңа сапасын қалыптастырып, әлемдегі өз орнымызды айқындаймыз. Қазақ елінің Адал азаматтары болып, Әділетті Қазақстанды бірге құрамыз!» – деп аяқтады мемлекет басшысы екінші Ұлттық құрылтайдағы өз сөзін.

Ия, бұл бүкіл ел назарын өзіне аударған ауқымды жиында Қазақстанның дамуына байланысты салмақты, іргелі ұсыныстар көп айтылды. Түрлі мамандық иелері, белгілі ғалымдар, қоғам белсенділерінің өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын жеткізуге толық мүмкіндіктер берілді. Осы айтылған пікірлер мен ұсыныстарға байланысты Президент Әкімшілігі жұмыс жоспарын әзірлеп, көтерілген мәселелерді түгел қатан бақылауға алатын болды. Ұлттық құрылтайды өткізудің негізгі мақсаты да осы еді ғой.

«АҚ ЖОЛ»:

4 ПАЙЫЗБЕН АВТОНЕСИЕ БЕРУДІ ЖАЛҒАСТЫРЫП, УТИЛЬАЛЫМДЫ ТОҚТАТУ КЕРЕК

Мәжіліс депутаты Ержан Бейсенбаев Премьер-министрдің бірінші орынбасары Р. Склярға «Ақ жол» фракциясы атынан сауал жолдап, 4 пайызбен автонешие беруді жалғастырып, утильалымды тоқтатуды талап етті.

Қазіргі уақытта «Оператор РОП» ЖШС түріндегі олигополия қатысушыларына қатысты резонансты сот процесі жүріп жатқан баршаға аян.

«Ақ жол» фракциясы «Оператор РОП» қызметінің заңға қайшы екендігі туралы сол кездегі Үкіметке сонау 2017 жылы ресми сауал жолдағанымен, мемлекеттік органдар іс жүзінде бұл заңсыздыққа бірлесе көз жұма қарап, ЖШС-нің шетелдік басшылары Парламент басшыларына «Ақ жол» партиясы депутаттарының үстінен жалған арыз жазып еді.

Бүгінгі таңда РОП функциялары «Жасыл Даму» АҚ-на берілгенімен мәселе жойылған жоқ.

«Ақ жол» демпартиясына кәсіпкерлер хабарласып, Экология департаменттері 2019-2021 жылдарға арналған утилизация төлемдерін (утильалым) төлемегені үшін әкімшілік айыппұл салғанын айтуда.

Мұндай өндіріп алу заңсыз болып өндіріп, өйткені «Жасыл Даму» АҚ-ның реквизиттері оларға тек 2023

жылы ғана берілген, ал утилизация төлемдері талап арыздар қойылғанға дейін төленіп қойған.

Оған қоса, олар Президенттің тексерулер жүргізуге мораторий енгізу туралы Жарлығын бұзып отыр.

Бүгінгі күні осы негіз бойынша 690-нан астам кәсіпкерлік субъектілері жауапкершілікке тартылған деп хабарлануда.

Нақ осы кезеңде Оператор РОП-тың заңсыз әрекеттері әшкереленіп, оның функциялары аталған АҚ-на берілгенін ескерген жөн. Реквизиттердің кешіктіріліп берілуі де осы трансформацияға байланысты.

Бірақ, процесті ұйымдастырудың ішкі проблемалары үшін неге бөңге тұлғаларға айыппұл салынуда?

«Чапаев» фильміндегі «Қызылдар келді – тонады, ақтар келді – тонады» деген кедейдің сөзі ойға оралады.

Экология департаменттері тағайыланған заңбұзушылық жағдайларын кезіндегі (2019-2021), яғни, Үкіметтің 2021 жылдың соңында (25 қазан) бекітілген

(№ 763 қаулысы) РОП-ты жүзеге асыру Қағидаларына сілтеме жасайды. Бұл заңсыз ғой.

Аталмыш әкімшілік хаттамаларды, тіпті ескерту түрінде де шығару кәсіпкерлерге тікелей зиян келтіреді, себебі, бұл бизнесті автоматты түрде мемлекеттік сатып алу мен ұлттық компаниялардың сатып алуларына қатысуға шектеу түріндегі тәуекелдің жоғары дәрежесіне (СУР) көшіреді.

Сонымен қатар, РОП аясындағы техниканы утилизациялауға арналған «Recycling Company» ЖШС зауыты екінші жыл жұмыс істемей тұр, себебі, «Оператор РОП» ЖШС қатысты қылмыстық іс аясында кәсіпорынға тыйым салынған.

Алайда, утилизация жүргізіліп жатпағанымен «Жасыл Даму» АҚ азаматтар мен бизнестен утильалым алуды жалғастыруда.

Сондай-ақ, кәсіпкерлердің мәліметінше, қазіргі оператор кәсіпорын жұмысының тоқтауы мен тергеудің жүріп жатқанын сылтау етіп, 4 ай бойы өндіріштерге түскен қаржының үлестірілуіне, бұл оның өзіне жоқ утильалымды жинауына еш кедергі келтірмеуде.



Сондықтан, атышулы утильалымнан түсіп жатқан миллиардтаған қаржы тағы қайда кетіп жатыр деген сауал туындайды?

Осы орайда Индустрия министрлігі жеңілдетілген автонешиелерді 4 пайызбен қаржыландыруды тоқтату туралы шешім қабылдады. Утильалым жүйесі қазақстандық көліктердің өндірісі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында енгізілгені белгілі. Бірақ шенеуніктер мұны ұмытып кеткен сияқты.

Осыған байланысты «Ақ жол» ҚДП депутаттық фракциясы талап етеді:

1) Әкімшілік құқық бұзушылық фактісі анықталғанға дейін утильалым төлемін тоқтатуды қарастыру.

қолданылған санкцияларды, оның ішінде ескертулерді жою;

2) «Recycling Company» ЖШС қызметі тоқтатылған кезеңде автокөліктер мен техникаларды утилизациялау үшін жиналған қаражаттың пайдаланылуы туралы ақпаратты жариялап, аталған зауыттың қызметін қалпына келтіру мерзімдері туралы ақпарат беру;

3) 4% мөлшерлемесімен автонешие беруді жалғастырып, осы мақсаттарға утильалымның пайдаланылмаған қаражаттарын қосымша бөлу;

4) Тіпті, болмаса, көліктерді утилизациялау зауытының тоқтап тұрған кезеңінде утильалым төлемін тоқтатуды қарастыру.

Құрметпен,
«Ақ жол» ҚДП фракциясының
депутаттары

АҚЖОЛДЫҚТАР БАС ПРОКУРАТУРАНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚҰЗЫРЕТІН ТОЛЫҒЫМЕН ҚАЙТАРУДЫ СҰРАДЫ

ҚР БАС ПРОКУРОРЫ
Б.АСЫЛОВҚА

Соңғы жылдары жеке және заңды тұлғалар тарапынан сот және өзге де мемлекеттік органдардың құқық қолдану қызметіне, заңнамалық актілердің нормаларын, олардың мәні мен мазмұнын тәпсірлеу кезінде бірқалыптылықтың туралы шағымдар келіп түседі.

ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 1995 жылғы редакциясында, жеке немесе заңды тұлғалардың заңды білмеуі немесе дұрыс түсінбеуі заңнамалық актілерді, болмаса азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға әкеп соғуы мүмкін деген жағдайда, прокурор заңнамалық актінің мазмұнын түсіндіретін норма болған.

Алайда, 2017 жылы осы Заңның жаңа редакциясында прокуратураның Заңнаманың даулы нормаларын түсіндірудегі рөлі төмендетіліп, прокурор тек заң бұзушылықтарға жол бермеу және заңда белгіленген жауапкершілік туралы ғана түсіндіреді делінген.

Осылайша, осы заң жобасын дайындау кезінде, Бас прокуратураның бұрынғы басшылығы заңнамалық актілердің нормаларын ресми түсіндіру бойынша өзінің негізгі функцияларының бірін әдейі алып тастау деп санаймыз.

2022 жылы «Прокуратура туралы» жаңа Конституциялық заңды қабылдау кезінде, өкілеттіктерді кеңейту мәселесі заңды әзірлеуші прокуратура өкілдерімен талқыланып, қайтадан бекітілді. Өйткені, бұл сияқты прокуратураның өз қатарының құқықтарын бизнес пен азаматтардың бұйықтарын қорғаудың көп мүмкіндіктерінен айырған еді. Алайда, түсініксіз себептермен прокуратура өкілеттігі кеңеймей, сол қалпында қалды.

Сонымен қатар, «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңында нормативтік құқықтық актілерді ресми түсіндіруге арналған бүкіл бір тарау бар. Оған сәйкес, мемлекеттік органдар, өз құзыреті шегінде нақты субъектілерге немесе нақты жағдайға қатысты нормативтік құқықтық актілерге түсініктеме беруге міндетті.



Алайда, бұл нормаға, мұндай түсіндірулердің міндетті заңды күші жоқ және тек ұсынымдық сипатта болатындығы туралы ескертумен шек қойылған.

Осындай құқықтық қулықтарға байланысты, сот тәжірибесінде белгілі бір құқықтарды қолдану кезінде сұрақтар жиі туындайды.

Мысалы, Салық кодексінің 8-бабының 3-тармағына сәйкес, егер салық төлеуші, салық органының алдын ала түсіндірмесіне сәйкес өз салықтық міндеттемесін орындаған болса, бірақ кейіннен бұл міндеттеме кері қайтарып алынса, қате деп танылса немесе мағынасы бойынша жаңа, өзгеше міндеттеме берілген болса, салық міндеттемесін тексеру нәтижелері туралы шағымды қарау кезінде түзетуге құқық беріледі. Бірақ соттар әрқашан салық органдарының сойылын соғатыны жасырын емес.

Сонымен қатар, сот және мемлекеттік органдар, Кәсіпкерлік кодекстің 14-бабында қарастырылған адалдық презумпциясына пысықып та қарамайды. Мысалы, түсіндірме кері қайтарып алынса, қате деп танылса немесе мағынасы бойынша өзге түсіндірме берілсе - бұл кәсіпкердің кінәсі емес. Осындай жағдайда прокуратура, тиісті наразылық білдіру арқылы, құқық қорғау, әділдік позициясын қабылдағаны жөн болар еді. Өкінішке орай, олай емес.

«Ақ жол» партиясы салық органдарының кәсіпкерлерге теріс әсер ететін заңнама нормаларын өз қалауларына өз мүдделеріне орай түсіндіру мәселесін ондаған рет көтерді.

Мысалы, кіріс органдары прокуратура мен соттардың қолдауымен кәсіпорындарды сомасы 1000 айлық

есептік көрсеткіштен аспайтын бірнеше қолма-қол мәмілелерді әдейі жасайтындарын, сол субъектілер арасында, сол арқылы «мәмілені бөлшектеуді» жүзеге асырады деп мәлімдеп, жауапкершілікке тартуда. Сонымен бірге, салық органдары бұл мәмілелер әртүрлі уақыт кезеңдерінде жасалғанын және әртүрлі тәуірлерге қатысты екенін мүлдем ескермейді. Оның үстіне, «мәмілені бұзу» деген ұғым ешбір заңда жоқ.

Сол сияқты, заңнама нормаларын өз еркімен түсіндіру нәтижесінде, салықшылармен мәмілелерді жарамсыз деп тану немесе тіркеуді жою тәжірибесі кеңінен қолданылады. Соның салдарынан, мындаған кәсіпкерлер қайталанған салықтарға ұшырайды.

«Ақ жол» ҚДП фракциясы, Салық кодексінің және өзге де құқықтық актілердің нормаларын тек салық және өзге де бақылаушы органдардың өз қалауы мен қажеттілігі бойынша пайдалануға тырыспай, сөзбе-сөз және нақты түсіндіруді қажет деп санайды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, құрметті Берік Ноғайұлы, «Ақ жол» ҚДП фракциясы келесі мәселелерді қарауды сұрайды:

1) ҚР Салық кодексінің 8-бабының 3-тармағының, заңнама нормаларына және кәсіпкерлік субъектілерінің адалдық презумпциясы қағидастарына сәйкестігін тексеруді;

2) Прокуратура органдарына тек заңдылықты бұзуға жол бермеуді және одан кейінгі жауапкершілікті түсіндірумен шектелмей, заңнамалық актілердің мазмұнын түсіндіру жөніндегі қызметтің негізгі қағидастарының бірін қайтаруды ұсынады.

Құрметпен,
«Ақ жол» ҚДП фракциясының
депутаттары

Парламенттің бірлескен отырысында «Ақ жол» лидері Азат Перуашев Үкіметтің 2022 жылғы бюджеттің атқарылуы туралы есебіне қатысты «Ақ жол» демократиялық партиясы фракциясының ұстанымын жариялады. «Қазақ үні» партия ұстанымыны толық нұсқасын ұсынады.

«АҚ ЖОЛ» ФРАКЦИЯСЫ ҮКІМЕТТІҢ ЕСЕБІН ҚОЛДАМАЙДЫ ЖӘНЕ БІЗ ОҒАН ҚАРСЫ ДАУЫС БЕРЕМІЗ

БІРІНШІ СЕБЕП – КІРІСТЕРДЕГІ КҮМӘНДІ ЖЕТІСТІКТЕР

Үкімет есебінде бюджет кірістері артығымен орындалды деп отыр.

Оның негізінде салық түсімдерінің 42%-ке және уақытша тартылған қаржының 13%-ке артуы

Мұнай-газ саласының мемлекетке әкелетін табысы да күмәнді. Ең ірі кен орындары бойынша шетелдік инвесторлар СРП режимінде жұмыс істейді, ал біздің Үкімет Қазақстан осы Келісімдерге сәйкес мұнай сатудан қандай үлес алатыны туралы ақпаратты жария етуден бас тартуда.

Бұл келісім-шарттар әділ бол-



2020 жылы Мемлекет басшысы ұлттық компаниялардың табысының 100 пайызын бюджетке аудару туралы тапсырмасын берді. Бірақ іс жүзінде 12% ғана түскен.

Ал, «Самұрық-Қазына» қоры былтырғы жылы 1 триллион 600 миллиард теңге тапқан кірістен, – бюджетке 170-ақ миллиард теңге, яғни 10 пайыз ғана дивиденд төледі.

Түсінесіздер ме? Мемлекет – холдингтер мен ұлттық компанияларға триллионда қаражат бөле, ал олар бюджетке 6 есе аз қайтарып жатыр.

Мемлекет мүддесі қайда қалған сонда?

Квазимемлекеттік сектор экономикамыздың 60%-ға дейін құрайтынын еске сала кеткен жөн. Сондықтан, оның кірісі болмаса, парламент мемлекет есебін қалыптасатын нақты қаржылық ағындардың бір бөлігін ғана көріп отыр. Қалған триллиондарды Үкімет пен ұлттық компаниялар өз қалауы бойынша, парламентке көрсетпей жұмсауда. Ал, сонда «ықпалды парламент» пен «есеп беретін үкімет» қайда?

Құрметті әріптестер.

«Ақ жол» демпартиясы өзінің саяси бағдарламасында нарықтық негіздерге қайта оралу үшін ұлттық еркін экономиканың кешенді бағдарламасын әзірлеу қажет деп санайды.

Сондай-ақ:

– Мемлекеттің мүмкіндіктері бюджетпен анықталады, сондықтан барлық мемлекеттік қаржыны парламент бақылауына қайтару керек. Яғни мемхолдингтер мен ұлттық компаниялардың қаржыларын республикалық бюджетке енгізіліп, және Парламентте бекітілуі қажет.

– Дәл солай, Зейнетақы қоры, Медициналық сақтандыру қоры және басқа да міндетті жарнасы бар, барлық қорлардың бюджеттерін парламенттен өткізуі керек.

– Бүгін Парламент Үкіметтің жұмысын тек бюджетті игеру бойынша ғана бағалайды. Ал, қоғамға Үкіметтің тек қаржылық есебі ғана емес, оның алдында Үкімет күшжігерін қандай мәселелерге бағыттайтынын, қандай нақты міндеттер қоятынын көрсететін саяси құжат та керек.

2007 жылға дейін «Үкімет туралы» Заңның 7-бабында Үкіметтің Парламентте нақты әлеуметтік-экономикалық мақсаттар бекітілетін іс-қимылдарының бағдарламасын қорғау шарты болған. Бұл шарт жасырын түрде алынып тасталды, содан бері Парламент Үкімет жұмысына тек бюджетті игеру бойынша баға беріп келеді.

Біздің ойымызша, аталған норманы қайтару қажет.

Сонда ғана президент Қ.Тоқаевтың ықпалды Парламент пен есеп беретін Үкімет формуласы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Ақ жол фракциясы конституциялық реформаны дамыту мен халықаралық тәжірибеге сәйкес, депутаттық бақылау барысында, Жоғарғы есеп палатасы анықтаған бюджет жымқыру және жемқорлық фактілері бойынша – жарамды тергеу құқығын беруді талап еттіміз.

Өкінішке орай, бұл қағидаттардың ешқайсысы Үкіметтің есебінде жоқ.

Жоғарыда айтқанымды ескере отырып, «Ақ жол» демпартиясы Үкіметтің бюджеттің атқарылуы туралы есебін қолдамайды және де соған қарсы дауыс береді.

Тыңдағандарыңызға рахмет!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ ПАРЛАМЕНТ БАҚЫЛАУЫНА БЕРІЛСІН

«АҚ ЖОЛ» ФРАКЦИЯСЫ ҮКІМЕТТІҢ ЕСЕБІН ҚАТАҢ СЫНҒА АЛЫП, ОНЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫНА ҚАРСЫ ДАУЫС БЕРДІ

жатыр. Салық түсімінің 42%-ке артуы деген не?

Негізгі себеп – мұнай бағасының өсуі, нәтижесінде бюджет кірісіндегі өндіруші салалардың үлесі 46%-ке дейін артты.

Бірақ, сонымен бірге, өңдеу өнеркәсібінің үлесі 11%-ке дейін төмендеді.

Салық түсімдерінің өсуінің басқа себептері ретінде салық ставкаларының артуы және салықтық әкімшілендірудің жақсаруын атап өтті. Өкінішке орай, кәсіпкерлер бұл терминдердің астарында не жасырылғанын жақсы біледі.

Үкімет кез-келген мінбеден бизнеске тексеру мен қысымды азайтып жатқанын мақтанып айтуда. Ал, шын мәнінде жағдай мүлдем басқа.

2022 жылы мемлекеттік кірістер органдары 20 мың салықтық тексеру жүргізді, бұл алдыңғы жылға қарағанда 24 пайызға артық.

Кәсіпкерлерге 677 млрд теңгеге қосымша салынды, бұл алдыңғы жылдан 2,5 есе артық.

Салық жүйеміздің репрессиялық саясатқа көшіп бара жатқанын ашық айту қажет. Мысалы, салық органдарының мәмілелерді жарамсыз деп тануы кәсіпкерлерді қайта салық салуға ұшырауда, небәрі екі жылдың ішінде мұндай фактілердің саны 3 есе өскен.

Мұндай фискалды саясатпен жақын арада бюджетті толтыратын ешкім қалмайды, керісінше инвестициялық саясат тәуекелге ұшырап, бизнес-климаттың беделіне нұқсан келеді.

Ең сорақысы – қарапайым табысы бар кәсіпорындар қысымға ұшырап, ал жөнсіз жоғары табысты секторлар «тиісуге болмайтын» болып қалуда.

Банктерге түсетін салық салмағы – оларға бүкіл экономика, яғни, мемлекет, бизнес пен халық төлейтінне қарамастан, небәрі 2-ден 5-ақ процентке дейін құрайды. Пандемия кезінде де, экономика әлсіреген тұста, банктердің кірісі тек өскен болатын.

Олардың бюджетке қосқан үлесі (428 млрд теңге) өнеркәсіптің, құрылыстың немесе көлік саласы үлесінен аз, тіпті кәсіби және ғылыми қызметтен де кем (578 млрд тг.). Ал, банкир мен ұстаздың табыстарын салыстырып көріңіз.

са, инвесторлар мақтансып, оларды ашуға өздері мүдделі болар еді. Тек олар Қазақстан үшін тиімсіз болғанда ғана ондай ақпаратты ашуға қарсы болуы мүмкін

Уақытша тартылған қаржының ұлғаюына келетін болсақ, бұл шын мәнінде бюджет үшін табыс емес, қарыз екенін түсіну керек.

Мемлекеттік қарыздың өсу қарқыны ішкі өнім өсімінен әлдеқайда жоғары. Осылайша, бір жылда мемлекеттік қарыз 18 пайызға өсті. Соңғы 10 жылда сыртқы қарыз 7 есе өсті (2012 ж. – 3,6 трлн. теңге, 2022 ж. – 25,3 трлн. теңге). Қарызға байланысты шығындарының жүктемесі 9 есе өсті (2013 жылғы 177,3 млрд. теңгеден 2022 жылы 1,6 трлн. теңгеге дейін).

«Ақ жол» фракциясы мұндай әдетті қолдауға әрине қарсымыз.

ҮКІМЕТПЕН КЕЛІСПЕУІМІЗДІҢ ЕКІНШІ СЕБЕБІ – БЮДЖЕТТІ ҚОЛДАУҒА ЖАУАПСЫЗДЫҚ

2022 жылға арналған республикалық бюджет қабылданғаннан кейін соған 8 рет түзету енгізілген. Сонда да, 162 млрд теңгеге 2 түзету орындалмай келеді.

Мұндай жауапсыздық – бюджеттік тәртіптің күйреуі деп санаймыз. Жеке компанияда мұндай «жоспарлау» үшін жауапты менеджмент жұмыстан шығып кетер еді.

Мемлекеттік қызметкерлер де халық ақшасын басқаруды сеніп тапсырған менеджер-

лер. Бірақ үкіметтің солардың көзбояушылықтарын жазалағанын естіген жоқпыз.

ҮШІНШІ СЕБЕП – МҰНАЙДАН ТЫС БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫНЫҢ АРТУУЫ

Былтырғы жылы республикалық бюджетті нақтылау кезінде мұнайлық емес тапшылық бекітілген 7 трлн теңгенің орнына 9,3 триллион теңгеге, яғни 25 процентке дейін ұлғайтылды.

Ал, бұзылған 8,1 пайыздық тапшылық шегін 10,2 пайызға көтеріп, айналдырды.

Бұл «бармақ басты, көз қысты» деп аталады.

Естеріңізге сала кетсек, Ұлттық экономика министрлігі президент Қ.Тоқаевқа 2022 жылы мұнайлық емес тапшылық 5,1%-ке дейін төмендейді деп уәде берген болатын. Бірақ шын мәнінде, ол керісінше, 2 есе өсті.

Ал, парламент оны қабылдап, сол арқылы заңдастыруды ұсынуда.

Ақ жол фракциясы мұндай өтірікті өз мойнына алғысы келмейді.

ТӨРТІНШІ СЕБЕП – ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫ ТАЛАН-ТАРАЖҒА САЛУ

Жоғарғы есеп палатасы атап өткендей, Ұлттық қордың қаражаты бекітілген тұжырымдама мен экономикалық дамудың сипатына қайшы жұмсалуда.

Үкімет Ұлттық қордан бөлінген қаражатты стратегиялық мақсаттардың орнына ағымдағы күн көріске – зейнетақы, әлеуметтік шығындарды төлеуге, тіпті несиеге жұмсауда.

Сонымен қатар, ашық ақпарат бойынша, былтырғы жылдың нәтижесінде Ұлттық қордың көлеміндегі рекордты зардап тіркелді.

Годунова ханымның мәліметінше, мұндай тәсілдермен Ұлттық қордың болашағы өте күмәнді.

«Ақ жол» фракциясы мұндай ысырапшылықты мақұлдауға әрине қарсы.

БЕСІНШІ СЕБЕП – КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДЫҢ МАСЫЛДЫҚ РӨЛІ

Бұл сектор жиырма жыл бұрын мемлекеттік кірістерді тұйым басқару мен арттар үшін құрылған. Осы жылдар ішінде ұлттық компаниялардың аяққа тұрып, пайда табатын кезі келді.

Кезінде Президент Қ.Тоқаев мемлекеттік қаржыландыруды қысқартып, бюджетке квазимемлекеттік сектордың үлесін арттыруды тапсырған.

Оның орнына былтыр квазимемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыру көлемі 38%-ға өсті (722 млрд теңгеден 1 трлн астам теңгеге дейін).

Дегенмен, халық үшін соның нәтижесінің өзі өте күмәнді.



2005 жылдың күзіне қарай Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі мүсінші Тілеуберді Бинашевтің бастауымен хал-жағдайын білу мақсатында екеуіміз Алматыдағы Абай ескерткішінің авторы, атақты мүсінші Хакімжан ағаның үйіне бардық. Сонда әңгіме арасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық суретшісі, профессор Хакімжан Наурызбаев: «Соғыс кезінде Мәскеу, Ленинградтағы белгілі, атақты мүсіншілер, суретшілердің бәрі Алматыға көшіп келген еді ғой. Ольга Николаевна Кудрявцева мені тәрбиесіне алуға өтініп сұрап алды. Оның ұстазы Элеонора Абрамовна Блок болатын, ал ол Роденнің шәкірті еді. Міне, айналып келгенде, талантты мүсінші, менің шәкіртім – Тілеуберді Бинашевтің қайдан шыққанын біле бер. Тіпті, шәкіртім Тілеуберді Бинашевқа қарап-ақ менің қандай мүсінші екенімді біле бер десем де болады», – деп еді.

Осы сөз ойға түсті. Содан... Ертеде жазылған төмендегі жазбамды қайта қарап отырып, марқұм Тілеуберді ағам туралы ойға баттым. Біз, расында, сол дарынды тұлғаны терең танып үлгерік пе... Қазағымның кең даласында үлкенді-кішілі тау-тас дегеніңіз жетіп артылатын шығар. Олар не көрмеді дейсің? Сон-а-ау, ел басына күн туған небір алмағайып заманда ерлеріміздің қан-жоса болып төгілген қызыл қаны мен аруларымыздың қара көзінен тамған ыстық жасынан қалған қыр басындағы белгі де, тарих соқпағында сан тарапқа ат сабылған халқымыздың тағдыр, тіршілігінің куәгері де – солар. Әттең-ай, десеңші!.. Тілсіз қара тас не айтып жарытар! Менің ойыма мүсінші Тілеуберді Бинашевтің әңгімесі оралды. Жә... бәрін де басынан бастайыншы.

Тілеуберді БИНАШЕВ. Талайларға таныс есім. Оның өзіне де, өмір жолына да сырттай қанық болатынмын.

Оңтүстік Қазақстанның Арыс ауданында Байыркұм атты елді мекен бар. Шаруашылығы шалқып, тасы өрге домалап, өзге өңірге аты әйгілі бола қоймағанымен, қазақтың талай қарадомалағын туып-өсіріп жатқан қарапайым ғана кәдімгі ауыл. Осында «Мелдештің қыстауы», «Мелдештің қорасы», «Мелдеш құдық» деген жерлер бар. Тілеуберді, міне, дәп осы ортада оң-солын танып өсті. Мелдеш – оның әкесінің аты.

Кішкенедең қой күзетіп, жападан-жалғыз табиғатпен тілдесе өскен баланың сыршыл да сезімтал болып келетіні белгілі. Ол да солай болды. Табиғатқа деген ынтықтық пен одан сыр түюге ұмтылу, ақыры, өнер деп аталатын үлкен жолдың бастауына айналды.

Шынында да, мән бере қараған адамға табиғаттың өзі – тұнып тұрған өнер. Сенбесеңіз, кең далаға, айналадағы тау-тасқа зер сала көз тігіңізші. Бүктүсе, қайғырып отырған адамның кескінін де, шұбатылған көштің суретін де, жаралы жолбарыс, ауырған арыстанның сұлап жатқан бейнесін де сезімтал жүрек, көрген көзіңіз болса, қиналмай-ақ тауып аласыз. Ал, олардың ішінде еліміздің өткен-кеткеніне байланысты



Т

ІЛЕУБЕРДІНІ

Мүсінші Т.Бинашев туралы сыр

аныз-әңгімеге айналып кеткендері қаншама! Балаң көңілі көк тіреген арманшыл адамға осы табиғаттың өзі – үлкен ұстаз.

Сөзді тудыратын сөз ғой, ұстаз ретінде өзімен бірге басы-қасында жүріп, тәжірибе бөлісе қойғаны жоқ. Шәкіртсіз ұстаздың тұл екендігі әмбеге аян-ау, сонда ұстазсыз шәкірттің болғандығы ма?.. Кімнің қалай ойлайтындығын қайдам, олай да болады екен! Оған дәлел іздеп әуреде түсудің қажеті де жоқ. Өйткені, бүкіл адамзат атаулыға ортақ ұлы ұстаз бар. Ол – жер-жаһандағы тіршілік тізгінін қолына ұстаған табиғат, яғни құдай. Қозақ айтпақшы, «құдайдың берген өнері» әрқашан да өлмейді. Осылай деп батыл айтуымызға негіз де жоқ емес. Әйтпесе, кеше ғана қой соңында жүрген, әлі ешбір арнаулы оқу-шоқуды көре қоймаған жап-жас Тілеуберді қазақ халқының ұлы перзентінің бірі, күш атасы Қажымұқанның мүсінші талай ел тамсанатындай етіп қалай жасады дейсін.

Оңжылдық мектепті тәмамдап, Алматыдағы көркемсурет училищесіне енді ғана бас сұққан ол, сөйтіп, әйгілі Қажымұқанның мүсінші тұлғаны рет сомдаған адам болып шыға келді. Ол мүсінші қазірде көпшілікке мәлім –

Темірлан селосындағы Қажымұқан музейінде тұр. Негізі, талантты жасты тани білудің өзі де өнер. Сол кездегі аудан басшысы Рашид Нұғымановтың есімін Тілеуберді өле-өлгенше ұмытпайтын шығар. Қажымұқанның аталмыш мүсінші жасауға түрткі болып, қол ұшын берген көреген кісіні ол қалай есінен шығарсын. Атағы әлемге мәшһүр болған күш иесінің мүсінші жасай алатындығына сеніп, күнделікті күйбең тірліктен босаттырып, материалдық жағынан көмек көрсеткен аудан басшысының де, өрімдей Тілеубердінікі де ерлік деуге болады. Мұнан кейін адамға оң тәрбие берудің бір тәсілі – сенім дегенге сенбей көріңіз.

Сөйтіп, үлкен өнердегі Тілеубердінің тұсауын кескен, болашағына сеніммен қарап, батасын берген Рашид Нұғыманов болып қала берді. Ол мұнан кейін де, көркемсурет училищесін бітірген соң да, өзін алғашқы биігінен бір сәт төмендеген жоқ. Саусағынан бал тамызған мүсінші қолынан шыққан Әл-Фарабидің, Абай, Ыбырай, Шоқандардың, жыр алыбы Жамбыл мен сыршыл суреткер Мұхтардың, тағы да басқа өнер, мәдениет саласында тер төккен ғұламаларымыздың жансыз бейнелері оның табиғи, дарын-

ды талант иесі екендігін көрсетті. Аталған мүсіндерді Орталық Өнер музейінен бастап, Мұхтардың, Ыбырайдың музей-үйлері, халыққа білім беру министрлігі, сондай-ақ түрлі жергілікті жерлер қолға тигізбей алды да кетті. Тіпті, Түркия, Германия секілді шет елдік мемлекеттерге сатылған еңбектері де аз емес.

Тілеуберді БИНАШЕВ. Талайларға таныс есім. Мағанда. Оның атын біреулердің қызыға, біреулердің қызғана атап жүргендігіне де талай рет куә болғам. Алайда, осы бір қарапайым қазақпен араласып, достасып кетем деп ойламаған едім. Бәріне себепкер болған – жақсылық пен жамандықтың аражігін ашам деп, ақ тер-көк тер болып сабылып жүретін өзіміздің Сайлау Пернебай (фототілшіміз).

– Мен сені қазақтың талантты бір жігітімен таныстырайын, – деп, дедектетіп жетектеді де кетті. Жолға бір, маған екі қарап

рып келген оның сырын ұғуға бір адам тұрмақ, бүкіл бір ұрпақтың, тіпті тұтас бір дәуірдің ғұмыры жете қояр ма екен? Бесіндегі көлеңкедей шұбатылып, ӨМІР атты алыптың артында ӨЛІМ атты жою қараңғылықтың келе жатқандығын тірі жан иесі мойындайды. (Ол, бәлкім, біздер, тірілер үшін ғана қараңғылық болар). Сол жарық пен қараңғылықтың ортасында, екі жаққа бірдей көз салып тұратын бір зат бар. Ол – бұл дүниеден баз кешіккен жандардың ескерткіші (мүсіні). Ендеше айтып отырған жарығымыз бен қараңғылығымыздың арасында арпалысып жүрген мүсіншілерді кім демекпіз?! Олар тек ескерткіш қойып жүргендер емес, жанталаса жүгірген құмырсқа-тірліктегі мына біздерге ескерту жасап келе жатқан жандар! Тірі пенденің мүсінші талантына бас иетіндігінің бір сырын, бәлкім, осыдан да іздеу керек шығар...

Тілеуберді БИНАШЕВ. Талайларға таныс адам.



қойып, әңгімесін соғып келеді. – Таяуда ғана Абылай мен Шақшақ Жәнібектің мүсінші жасап бітірді. Бүгін кешіксек, Арқалыққа әкетіп қалайын деп отыр, көре алмай қаласын.

– Сәке, – деймін мен уақыттың тапшылығын сездіріп, – оның шеберханасы қай жерде еді, көлік ұстайық та...

– Өй! – Сәкен басына қисайта артка серпіп, ернін қымқырды. Бір нәрсеге риза болмағандағы әдеті осы – Қайдағы шеберхана! Бәрін үйінде, аядай бөлмеде жасайды... Жұматай Жақыпбаевтың да мүсінші айналып келтірді. Оны өткенде ғана Кеңсайдағы қабірінің басына орнатты. Анау-мынау жұмыстарға көңілі тола бермейтін марқұм Асекеңнің өзі (Асқар Сүлейменовті айтып тұр) Жұматайдың мүсінші көргенде риза болып: «Міне, мынау дұрыс! Ескерткішке тартқан жараспайды. Ол үнемі ойға шомып тұруы керек» деген екен.

Сәкен Тілеубердінің үйіне жеткенше бас шайқаумен болды.

Өмір деген – бір жұмбақ. Оның бүкіл құпиясын білемін деудің өзі – ақыла сия қоймас мәселе. Өйткені, табиғаттың таңғажайыптары мен құпия сыры ешуақытта да таусылмақ емес. Талай заманнан бері адамзат баласын табынды-

– Түсіңісі келген жанға табиғаттың өзі сөйлеп тұр ғой, шіркін. Біздікі тек соны таңдап тауып, өңдеп, жалпақ елге жағымды да ұғымды етіп жасап беру, – дейді сөз арасында кішіпейілділік танытып. Неге екенін қайдам, ол кезде жеке отырып жұмыс істейтін шеберханасының жоқтығын, қажетті материалдардың табыла бермейтіндігін, көпшілік мүсіншіге ортақ тағы да басқа шешімін күткен мәселелерді әңгімелеп, кейбіреулер сияқты жылай кеткен жоқ. Қоғамымыздың қазіргі кезеңінде мұндай «құсақ-түйек» мәселелердің шешіле қоймайтындығын ескерді ме, әлді өзінің кебін киіп жүрген журналист ағайындарының «мә» деп ұстата салар шамасы жоқтығын ойлады ма, жоқ әлде газет сөзін белден басып жүре берер саңырау орындардың көптігі көңілін басты ма, әйтеуір, бұл төңіректе ләм-мим деп ауыз ашпады. Қазірде не көп – проблема көп, о жайында біздің де сөз қозғауға зауқымыз соқпаған еді.

Кейіннен Тілеу ағаның керемет жеке шеберханасы да болды, үйінің жанында көрмеге айналған тамаша мұражайы да бар.

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК,
ҚР Мәдениет қайраткері,
Қазақстанның
Құрметті журналисі



сында аты көп шыға бастағанда ғана елендеп қалатын едім. Айта кету керек, суретші-мүсіншілердің ішінде әдеби қауымға жақын жүретін, өмірден өткен қаламгерлер-қайраткерлердің мүсіндерін жасаумен аты шыққан Тілеу Бинашевтың аты жиі естілетін. Кейбір ескерткіштерінің кейбір қалаларға қойылып жатқанын еміс-еміс естіп қоятынмын. Тілеу өзінің үлкендігін көрсетіп, кейінгі кезде маған жиі хабарласа бастады. «Сен өмірі Алматыда тұрмайсың ғой. Қашан көрсем сапарда жүресің, қолың тиетін кезі бола ма өзі?» деп кейіп те қоятын.

Маған әсіресе ұнағаны, оның Арыста Мұңлық-Зарлық ескерткішін тұрғызуы еді. Өйткені Мұңлық-Зарлық дастаны біздің бала жасымыздан санамызға сіңіп қалған болатын. Менің өзімнің де «Мұңлық-Зарлық мұқамы» атты жыр хамсаятым бар еді... Эпостық жырға сүйенген ескерткіш композициясы өзгеше өрнекте, Тілеудің өзіне тән пластикалық шешімде сәтті бейнеленген. Кейін менің

Фараби мен Төлебидің жерінде, Саған дейін сендей шебер болмаған! – деп жырлайды мұзбалақ Мұқтар Шахановтың өзі...

Маған ұнағаны туралы «Байырқұмның баласы бар қазақтың дарасына айналды» деген мақалам бар еді.

Көне Сырдариядан көркем сыр аулап, мұрасы мол Мұрынқарактан шежіре жинап, қазақтың бас батыры болған Атауен батыр бабасына зиярат етіп, Арыстан алысқа шырқаған Тілеуберді Бинашев қолына алған тасы тарихқа, ағашы асыл дүниеге айналып шыға келетін дара дарынды мүсінші еді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Көркемсурет академиясы академигі, Ресей Көркемсурет академиясының құрметті академигі, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, Түркістан облысының Құрметті азаматы. Шаңырағын шағын мұражай-көрмеге айналдырған, соңынан қызы Гүлфиядай үздік шәкірттер ерткен ұлағатты ұстаз болатын.

Тарихымен тамсантқан әлем елді, Даламдағы бұл да бір дара белгі – Ұзаққа ұлын ұзатып салып тұрып, Мұңлық-Зарлық мұңданып қала берді... – деп, бір кезде ауылдан Алматыға аттанып кеткеніміздей, баяғы «Байырқұмның баласы» бар қазақтың дарасы ретінде танылып, қазақ бейнелеу өнеріндегі бедерлі де, белгілі тұлғаға айналып кеткен еді.

Қазақтың бас батыры Бөгенбайдың ескерткішін салу мақсатында батырдың ұрпағы, Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасы Азат Перуашев екеуміз кейінгі кезде Тілеудің шаңырағы мен бай шеберханасында бірнеше рет болдық. 65 жасқа толғанда да, астанадан арнайы келіп құттықтадық.

Ол өмірінің соңына дейін үміт етіп күресті. Жаназада сөйлеген Асанәлі ағамыз оның осыдан он күн бұрын ғана өзіне Роман досы екеуі телефон соғып, хабарласқанын, жағдайы жақсы екенін айтқанын күрсіне жеткізді. Тілеудің ескерткіштеріне демеуші болып жүретін жақсы көретін еркінділді қарындасы Айнұр Жұмаш қаралы хабарды менен естігенде үш күн бұрын ғана сөйлескеніне, өзі ауырып жатып, қарындасына денсаулық тілегенін айтты...

Алла үкіміне амал жоқ! Ақыры аты жаман ауру алып тынды... Ұзақ ауырып жүрген Тілеу ағамыз Стамбұлға дейін барып емделді. Телефон арқылы хабарласып тұрдық.

Тілен талай қаламгерлер мен ұлт зиялылары өмірден өткенде ескерткіштерін жасап жүрді. Сондай ақындардың бірінің мүсінін жасағанда айтып едім, «Өмірден өткен тұлғалардың тұлғасын жасап, тірілтіп алатын Тілеу бар» деп. Енді Тілеу ағамыздың өзі де өтті өмірден... Ал Тілеудің тұлғасын тірілтіп алатын артынан ерген, өнер жолын жалғаған Гүлфия кызы бастаған шәкірттері бар. Мәңгілік атын қалдыратын өнер туындылары бар. Соған шүкір дейміз!

Барған сайын Шардара даласына, Байырқұмның ұлы Шар жағасына. Айналдың сен бар қазақ дарасына! Алла алдынан жарылқасын! Пейіште рухы шалқи бергей!

«Бинаш ата» жаққан өмір шырағы өнер шырағына айналып, мәңгілік маздап жана беретініне сенеміз.

Қазыбек ИСА, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

ТАНЫДЫҚ ПА?..

■ ЛЕБІЗ

ДАУСЫЗ ДАРЫН

Тілеуберді – ауыл академиясын үздік бітірген азамат. Сондықтан да оның өнер туындылары қазақ халқы үшін құнды.

Өзбекәлі ЖӘНІБЕКОВ, мемлекет және қоғам қайраткері.

Мен Тілеубердінің өзінен бұрын өнерімен таныспын. Қажымұқанмен дәмдес болғанымда оның тұлғасын қалай танысам, балуанның образын мүсін өнерінде Тілеуберді дәл солай, айнытпай сомдаған.

Дінмұхаммед ҚОНАЕВ, мемлекет және қоғам қайраткері.

Тілеуберді екеуміздің мықтылығымыз – біз басқалардай өмірді кітаптан оқып танымадық, ауылда малдың киын, жусанның жұпарын иіскеп, жалаңаяқ жантақ басып, құм кешіп, өмірді өмірдің өзінен таныған өнерпаздармыз.

Хакімжан НАУРЫЗБАЕВ, Қазақстанның Халық суретшісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері.

Тілеуберді екеуміздің ұқсастығымыз – біз «самородокпыз».

Шәмші ҚАЛДАЯҚОВ, Қазақстанның Халық артисі, композитор.

Бізде суретшілер де, мүсіншілер де аз емес. Бірақ солардың ішіндегі жақын араласар адамым – тамаша мүсінші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тілеуберді Бинашев. Басқа еңбектерін былай қойғанда, оның әлемдік деңгейде ешкім теңесе алмайтын ұлы ғалым Әбу Нәсір әл-Фарабиді, Шыңғысхан әскерлерінен Отырар өркениетін алты ай бойы қорғап тұрған Қайырхан тұлғасын сомдауы және жан түршігер Отырар шайқасын бейнелеуі мүсіншінің дара табысы.

Мұқтар ШАХАНОВ, Қазақстанның Халық жазушысы, ақын.

Біз арман қуып, оқу-білім іздеп, шет мемлекеттерге шығып, сонда оқып, білім алдық... Ал Тілеуберді туған топырақта өніп-өсіп, қаймағын бұзбаған талант. Ол сонысымен-ақ қазақ тарихында қалады.

Төлеген ДОСМАҒАМБЕТОВ, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, мүсінші, Мемлекеттік сыйлықтың иегері.

■ ЖҮРЕКЖАРДЫ

ҚОЛЫНА АЛҒАН ТАСЫ ТАРИХҚА АЙНАЛЫП ШЫҒА КЕЛЕТІН

Белгілі мүсінші, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Көркемсурет академиясы академигі Тілеуберді Бинашев Шардара мен Арыстың арасындағы Байырқұм ауылында туып, бар қазаққа әйгілі өнер тарланына айналды.

Бала кезден суретші болуды армандаған біздер үшін Шардара өңірінде Тілеубердіден асқан мүсінші жоқтай көрінетін... Сондықтан ол барып оқыған Алматыдағы көркемсурет училищесінен артық оқу орны жоқ деп ойлайтынбыз. Ауылда оны бәрі-бірі кластарда оқып жүргенде Темірланда күш атасы Қажымұқанның ескерткішін салумен бірден өрлей жөнелді. «Қажымұқан ескерткішін салған мынау біздің көрші ауыл Байырқұмдағы мүсінші бала екен» деген сөз ауылда, әсіресе, Арыс пен Шардараның арасында Арыстанды-Қарабастың желіндей қатты есіп кеткен еді сол кезде... Керемет дүниелердің бәрі біздің ауыл-аймақтан басқа жақта, тым алыста болады деп ойлайтын қатып қалған қағиданы алғаш бұзған, жаңылыспасам, осы Тілеуберді Бинашев болды. Біз Тілеумен танысуды ойлайтынбыз. Оның қасында жүріп, мүсін жасағанын өз көзімізбен көрсек, үйренсек деп армандайтынбыз. Байырқұмда Тілеумен бір ауылда бірге өскен, ауылда мен мұғалім болып жүргенде Қызылқұмда кеңшардың көркей суретшісі есіп тұрып, онымен бірге талай ескерткіш-мүсіндерді соққанын айтып отыратын...

Сыртынан атына қанық Тілеуді мен Алматыға Елтайды ертіп бір келгенде үйіне іздеп барып, танысқан боламын. Кейін Алматыға суретші боламын деп барған мен ауылға ақын болып оралдым да, мүсінші Тілеумен жолымыз түйісе қойған жоқ. Ақын-жазушылар ара-

қолыма Тілеуберді Бинашевтың «Мүсін» кітабы тиді. Көлемді де, көркем кітапқа 2012 жылдың 12 желтоқсан күні қолтанба жазып қойған екен, күйбең тіршіліктің күрмеуімен жүріп, соған жарты жылдан асқанда барып, зорға қолым жазатты. Мәдениетке мән берген азаматтығын көрсетіп, демеу қолын созған Ербол Шымкентбайұлының арқасында жарық көрген сапалы кітап-альбом Тілеудің бар шығармасын алдына жайып салатын көркем дүние болып шығыпты.

«Мұңлық-Зарлық», Керей-Жәнібек, «Баба рухы», монумент-тері, Қажымұқан, Абылай хан, Құрманғазы, Қорқыт баба, Күләш Байсейітова ескерткіштері Тілеудің өнердегі эпикалық кең құлашын көрсетеді. Ал лирикалық лебі бар «Атамекен», «Әуен», «Сырласу», «Байырқұмның», «Сүйінші», «Көктемгі жанрдың», «Сүйінші», «Қиял», «Бинаш ата», «Аршагүл ана», Байырқұмның қыздары», «Кемпіркосак», «Дала қызы», «Сыр бойы», «Сағыныш» және т.б. туындылары туралы көп сөз айтуға болады. Тілеудің оң жамбасына жақсы келетін шағын мүсіндерінің әрқайсы үлкен армандарға жетелеп, терен ой қозғайды. Бейнебір үлкен ойларға жетелейтін шағын лирикалық әсем жырлар секілді әсер қалдырады... Ал саябақ мүсіндеріне келсек, сәтті шешімдер тапқан түрлі мүсіндер бейнебір табиғат әлемімен біте қайнасып кеткіне куә боламыз.

Кітап Тілеу туралы қазақтың бүкіл жайсандары жақсы тілегін аямапты. Әйгілі тарландар Асанәлі Әшімов пен Мұқтар Шаханов, Тұманбай Молдағалиевтерден бастап, Серік Тұрғынбеков, Ибрагим Исаевтар қостап, талай тұлғалар жүрек жарды лебіздерін білдірті. Бұның өзі де көп нәрсені аңғартса керек. Талантты таланттар таниды.

Жігітсің сен баба рухы қолдаған, Талайлардың ор тұлғасын сомдаған.

Ол кішкентай кезінен мұғалім болуын, сабақ беруді армандайтын. Кейін мектепте математика пәнін жақсы оқып, оқу озаты атанды. Олимпиадаларға қатысып, белсенділік танытатын. 5-6 сыныпта оқып жүргенінде математика пәнінің мұғалімі Сүйісқан апайы жоғары сынып оқушыларының сабағына шақырып сабақ бергізетін. «Содан аудитория алдында сөйлеп тұратыным көз алдыма елестеп, қиялға берілетінмін. Жоғары сыныпта қаржыгер мамандығына деген ниетім оянып, Naqhoz университетіне түстім. Оқу орнын үздік бітірген соң, ұстаздарымның шақыруымен сол оқу орнында ассистент болып еңбек жолымды бастадым. Ұстаздардың, белді ғалымдардың ортасында жүріп ғалым болуды мақсат еттім», – дейді жас ғалым Райгүл Досжан.

ЖАҚСЫЛАРДАН ҮЛГІ АЛҒАН

Ауылда оқып жүріп, 5-сыныпта қалаға, жазғы каникулға келгенінде анасы, таныма қаламгер Сәуле Досжан екі сіңлісімен бірге Райгүлді ҚазҰТУ-ға, атақты Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай, ескерткіштің ашылуына алып барды. Сол кезде Қаныш атамның үш қызын дүйім жұрт алдына шығарып таныстырады. Үш әпкеміз де ғылымда өз жолын тапқан мықты маман екен.

– Сонда анам: «Сендер де халық үшін еңбек еткен жазушы әкелеріңнің 100 жылдық мерейтойында Қаныш атамның қыздарындай ғалым ретінде танылып, Дүкенбай Досжанның абыройын арттырыңдар. Қаныш атамның жақсылығы жұғысты болсын», – деп батасын берген еді. Сол бата қабыл болды ма, сіңлім екеуміз: біреуіміз экономика, екіншіміз медицина ғылымының докторы атандық. Кенже сіңлім де ғылым тізгінін ұстайды деген үміт бар. Кейде жазғандайы апалы-сіңлілі үшеуім анамызбен отырғанда еске алып күлеміз», – деп ағынан жарылады Райгүл Дүкенбайқызы.

Жалпы, Райгүлдің ғылыми қызығушылығы кәсіпорын менеджменті, инновациялық менеджмент, тұрақты даму мәселелері, кәсіпорындарда менеджмент тәуекелін енгізу және жобаларды басқару ісімен байланысты.

Ол осы уақытқа дейін бірнеше ғылыми жобаларға қатысты. 2020 жылы тапсырған жобасымен жас ғалымдарға арналған грантты ұтты. Жоба «Тұрақты даму инновацияларының экономикалық тиімділігі және Қазақстан Республикасында кәсіпорынды тиімді басқару тұрғысынан зерттеу» деп аталады. Зерттеу объектісі ретінде елдегі кәсіпорындардың инновациялық менеджментінің тұрақты даму үлгілерін қарастырды. Жұмыстың мақсаты – тұрақтылыққа негізделген инновацияларды (sustainability-led innovation) олардың экономикалық негіздемесі

тұрғысынан зерттеу және Қазақстандағы кәсіпорындарды тиімді басқару. Тұрақты даму инновацияларының экономикалық негізі қайда жатыр, сондай-ақ тиімді кәсіпорын менеджментін қалай құруға болады деген зерттеу сұрақтарын алға қойды.

Ғылыми жұмыс нәтижелері ретінде шетелдердегі тұрақты инновацияларды басқару тәжірибесін талдау негізінде Қазақстанда тұрақты инновацияны дамытудың негізгі кедергілерін анықтап, қазақстандық компаниялардағы тұрақты инновация менеджментінің сегіз кейсін жасады. Олардағы тұрақты инновацияларды басқарудың арнайы үлгісі әзірленіп, кейстерді қолдану бойынша методикалық нұсқаулық дайындалды. Жобаға қатысқан топпен халықаралық ғалымдар, компания өкілдерінің қатысуымен екі дөңгелек үстел, бір мастер-класс және халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырылды.

– Өзімді кемел ғалым деңгейіне жеттім деп айта алмаймын, ізденіс жолындамын. Меніңше, ғалым еңбексүйгіш, ізденімпаз, креативті, сыни ойлай алатын адам болу керек. Қай мамандықтың тізгінін ұстасаң да, еңбексүйгіш болмасаң мақсатыңа жетпейсің. Сол сияқты ғылымда да қажырлы еңбектің арқасында ғана дегенге жетесің. Жақсы мақала жазу үшін кем дегенде 20 ғылыми әдебиетке шолу жасау керек болса, ауқымды ғылыми зерттеу үшін 100-ден астам ғылыми еңбекпен танысып, мақсат-мүддесі бір мықты ғалымдар тобын құрып, жүйелі жұмыс істеу арқылы ғана нәтижеге жетуге болады. Ізденіп, тың тақырыптарға барып, зерттеудің жаңа әдіс-тәсілдерімен танысу, креативті ойлау, сыни ойлау – ғалымды үздіксіз жетілдіретін факторлар деп санаймын», – деген ойымен бөлісті Райгүл Досжан екеуара әңгімеде.



Жас ғалым 1999 жылы Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетіне (Naqhoz) түсіп, оны 2003 жылы аяқтады. 2006 жылы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде «Аударма ісі» мамандығын оқып, білім алды. Одан кейін Еуразиялық нарық институтында «Қаржы» мамандығы бойынша магистр дәрежесін алғаннан соң, ҚазҰУ-ға докторантураға түсті. 2015 жылы «Шағын және орта кәсіпкерліктегі жобалардың тәуекелдерін басқару» тақырыбында «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын қорғап, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алды. Өткен жылы экономика мамандығының ғылыми атағын иемденді.

2009 жылдан бері университеттің Экономика және бизнес жоғары мектебі Қаржы және есеп кафедрасында қызмет атқарып келеді.

Райгүл Дүкенбайқызы кафедра меңгерушісінің ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыс бойынша орынбасары қызметін атқарды. Ол кафедраның ғылым және халықаралық байланыс ісінде әрқашан белсенді болуға тырысады. Оған ғылыми-тәжірибелік конференциялар, дөңгелек үстел, студенттік пікірсайыс ұйымдастыру ұнайды. Өткен жылы студенттерге атаулы шәкіртақы тағайындау бастамасын қолға алды. Білім алушыларға тарихи тағылым, ұлттық тәрбие беру мақсатында үнемі беделді ақын-жазушылармен кездесу, ғалымдардың көшбасшылық дәрісін ұйымдастыруды жақсы көреді. Бұл да екінің біріне бұйырмаған қасиет.

Әрдайым біліктілікті арттыру үшін ғылыми-әдістемелік семинарлар мен конференцияларға қатысып жүреді. Экзетер университетінде (Экзетер қ., Ұлыбритания), Реалла ла манш университетінде (Сюдэд Реалл қ., Испания), Шопрон университетінде (Шопрон қ., Венгрия), Падуа университетінде (Падуа қ., Италия), Айдын университетінде (Ыстамбұл қ., Түркия), тағылымдамадан өтті. Сондай-ақ Малайзия, Польша, Ұлыбритания, Венгрия, БАӘ, АҚШ елдеріндегі халықаралық конференцияларға қатысты.

2017 жылы ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы ретінде танылды. Университеттің 80 жылдығына орай, білім ордасының дамуына қосқан үлес үшін мерейтойлық төсбелгімен марапатталды. 2018 жылы Clean Tech «Таза технологиялар – қоршаған ортаны қорғау, инновациялар және басқару жүйелерінің технологиялары өңірлік және жергілікті экономикалық даму құралы ретінде» (Реховот, Израиль) атты халықаралық тренингіне грант жеңіп алды. 2018-19 жылдары «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында қазақ тіліндегі «100 кітап» жобасына қатысты («Personal Finance» оқулығы, ғылыми редактор, «Economics», аудармашы). ERASMUS + жобасы бойынша 598506-EPP-1-2018-1-PT-EPPKA2-SBHE-JP Engineering Educators Pedagogical Training (ENTER) «Тұрақты даму» тақырыбында дәріс жүргізді.

Жалпы, мақалалар (Scopus деректер база-сы, импакт факторы жоғары журналдарда, БҒМ БҒСБК басылымдарында, конференцияларда) мен оқу құралдары, монографияларды қоса алғанда, 80-нен астам жарияланым авторы, Хирш индексі – 7 (Scopus).

Ғылым саласында қол жеткізген кішігірім жетістігім болса, ол ұстаздарымның арқасы. Сондықтан ұстаздарыма әрқашан алғысымды білдіріп жүремін. Б.Ермекбаева, Р.Сағиева, Э.Ыдырысова, А.Құлсариева апайларды, академик С.Сатыбалдин, О.Сәбденұлы, С.Мақш ағайларды атап өтер едім. Аталған ғалымдардың бірі мамандығы бойынша бағыт-бағдар берсе, басқалары жалпы оқытушы-ғалым болмасы мен адам қасиеттерін ұштастырып, маған үлгі болған тұлғалар. Бақилық болған Саябек Тәттібекұлының ғылымға жетелеп, білгенін үйреткенін ешқашан ұмытпаймын, – дейді Райгүл Досжан.

Ал біз өз тарапымыздан Райгүл Дүкенбайқызына ғылым жолында тынымсыз ізденіс пен биік белес тілейміз.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
журналист

■ ОТАН

Туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктің, патриоттық сезімнің бір ұшы қоршаған ортаны, табиғатты аялауға барып тіреле ме деп білемін. Иә, тұмса табиғат бізге кіршіксіз таза күйде берілген. Ол өте үлкен және үнемі қозғалыста. Архивтің пәні адам арасында алыс-алыс байланыс бар. Табиғат адамға қажеттінің бәрін береді, оның өмір сүруіне барлық жағдайды жасайды. Сондықтан оны бағалай білу, қамқор болу, тепе-теңдікті бұзбай, онымен үйлесімді өмір сүруге тырысу өте маңызды.

АТАЖҰРТТЫ АЯЛА!

Табиғаттың көрінісі таңғажайып және өте ерекше. Бұл сұлулық біздің жан-дүниемізді қызықтырып, жылы қуанышқа бөлейді. Ал біз әлі, меніңше, табиғаттың тек отыз пайызын ғана білеміз. Бірақ, оған деген қызығушылығымыз шексіз, өйткені теңіздерде, мұхиттарда, ормандарда қаншама құпиялар жасырылған.

XXI ғасыр, адамзат бәрін зерттеу үрдісінде, ғарышты, жаңа әлемді және жерден тыс жердегі байланыстарды. Кейбір адамдар әлі күнге дейін бізді қоршаған әлем соншалықты үлкен сол себепті тұрмыстық қалдықтар, пайдаланылған газдар және өнеркәсіптік кәсіпорындардың зиянды шығарындылары табиғатқа айтарлықтай зиян тигізе алмайды деп ойлайды. Олар сондай-ақ оның ресурстары сарқылмас деп ойлайды, сондықтан олар белсенді түрде ағаштарды кесуді, сирек жануарларды аулауды және пайдалы

қазбаларды өндіруді жалғастыруда. Бірақ тоқтап, айналаға қараудың уақыты келген секілді, табиғат біздің қорғауымызды қажет етеді! Ол барынша көмек сұрайды. Жер планетасында өмір сүрген жылдар ішінде адамның оған зиянын тигізгені сонша, әлем қазір экологиялық апаттың аз-ақ алдында тұр. Біз өз табиғатымызды толығымен зерттеп те үлгермеуіміз мүмкін. Адамзат белгілі бір уақытқа дейін табиғат ресурстарды ойланбастан пайдаланды. Олар ормандарды кесіп, орнына қалалар тұрғызды, құнарлы жерлерді құрғатты, сирек кездесетін жануарларды аулады, қоршаған ортаны ластайтын кәсіпорындар салып, жаһандық қоқыстарды ұйымдастырды. Ал қазір біз табиғатты аялау керек екенін бірте-бірте түсіне бастаған секілдіміз. Ол ең алдымен өз ресурстарымызға қамқорлық жасаудан, яғни су, отын, электр энергиясын үнемдеуден ба-

сталуда. Сондай-ақ қоршаған ортаны зиянды шығарындылармен және тұрмыстық қалдықтармен ластамауға тырысыңыз. Бұл үлкен апатқа әкелуін түсіне білу маңызды.

Табиғатқа деген қамқорлық оның байлығын қалпына келтіруден де көрінуі мүмкін. Мұндай әрекеттерге ағаштар мен басқа да өсімдіктер отырғызу, жер суару, қорықтар мен экологиялық соқпақтарды жасау жатады.

Бүгінде мұның барлығын әдетте арнайы ұйымдар жасайды, мысалы, Greenpeace, Халықаралық табиғатты қорғау одағы, Ормандарды басқару жөніндегі кеңес және т.б. Өйткені, адамдарды біріктіру арқылы ғана табиғатқа лайықты көмек көрсете алады, туған планетада тыныштық пен гүлденуді сақтай алады.

Жақында, еліміздің Абай облысында алапат өрт орын алғаны аян. Ормандағы мұндай өрт көбінесе отқа абайсыз қараудан болады. Кейбір жұрт кетерінде жаққан отын өшірмеуінің, темекі тұқылын лақтыра салуының салдары қаншалықты ауыр болатынын ойландырайыңдар.

Қатты жел соғып, жалын ұшып өрт бұтақтан-бұтаққа тез таралады, үлкен жалын тұтанып, кепкен шөпті, былтырғы жапырақтарды аралап өтеді. Өрт қауласта айналада тірі ештеңе қала ма... Аспанға қою түтін тарайды. Орман өрті осылай басталады. Қанша ағашты аяусыз құртады. Орман арасындағы тұрғындар қаза болады...

Өрт аяғы қайғылы көрініске ұласады – толығымен жанып кеткен жерлердің қалпын келіп, орман қатары

қайта көбегенше ғасырлар қажет болар.

Орман – байлығымыз, оны қорғай білуіміз керек!

Бұл – жануарлардың, құстардың және өсімдіктердің алуан түрлі әлемі. Орман адамдарды ағаштың бағалы түрлерімен, аң терісімен, дәрілік өсімдіктермен, саңырауқұлақтар мен шырынды жидектермен қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар ауаны оттегімен қамтамасыз етеді.

Соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында табиғатты қорғауға байланысты көптеген материалдар жариялануда. Бүгінгі таңда өзендер, теңіздер, көлдер, ормандар мен далалардың апатты ластануы байқалады. Бұл тіпті қорқынышты. Біз болашақ ұрпаққа не қалдырамыз?

Өртенген ормандар мен лас ауаны ма? Немесе жануарлары мен өсімдігі жоқ табиғатты ма? Жоқ... жоқ, бұл біздің болашақ ұрпақ пен табиғатқа істеген үлкен қиянатымыз болмақ!

Белсенділер табиғатты сақтау үшін барын салады. Олар арнайы іс-шаралар ұйымдастырады, қомақты қаржыға табиғатты қорғау қорларын құрады, аумақтарды тазарту және қоршаған ортаға қамқорлық жасау үшін еріктілерді тартады. Бірақ, өз ойымша, бүгінде табиғат жағдайы үшін өзінің және болашақ ұрпақтың алдындағы жауапкершілікті түсінудің арқасында оған өз бетінше көмектесуге тырысатын белсенді адамдар көп емес. Бірақ әлемде мұндай саналы азаматтар біздің планетамызды қорғамайтын және жиі зиян келтіретіндерге қара-

ғанда әлдеқайда аз. Біздің Жер ғаламшарының мүмкіндіктері шектеулі. Бұл – шындық. Біз тамақ пен тауарларды табиғат бізге бергеннен де көп тұтынамыз. Қазір полигонға жаңа дерлік заттар тасталды, оларды ешқашан пайдаланбайды. Неліктен шектеулі ресурстарды аудару керек. Планетаның қорлары таусылады, бұл ерте ме, кеш пе, олардың толығымен түгесуіне әкелуі мүмкін. Мұндай деректерді Интернет пен БАҚ арқылы естуге болады, бірақ мұны білу және түсіну ғана маңызды емес. Бүгінгі таңда қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау және табиғатты қорғаудың қарапайым ережелерін сақтауға тырысу маңызды.

Табиғат пен оның қорықтарына қамқорлық жасай отырып, біз планетамыздың және бүкіл адамзаттың болашағына өз үлесімізді қоса аламыз. Адамның өзі – өз тағдырын жасаушы, бізден кейін де өмір болатынын ұмытпаған жөн.

Сол себептен табиғаттың байлығын үнеммен жұмсап, лайықты өмір сүріп, туған жер тазалығын сақтауымыз, қорғауымыз қажет.

Сонда ғана болашақ ұрпақтың толық және бақытты ғұмыр кешуі үшін бай және салауатты ортаны мұраға қалдыратындай барлық мүмкіндік көздері ашылады.

Аружан МҰРАТ,
№20 орта мектептің
11 сынып оқушысы.
М.Түймебаев ауылы
Іле ауданы
Алматы облысы



МҰҒАЛІМ ҒЫЛЫМ ДОКТОРЫ АТАНДЫ

Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Мақсат Құдагелдин философия ғылымдарының докторы атанды. Білімді ұрпақ тәрбиелеу жолында тынымсыз ізденіс үстінде келе жатқан ұстазбен тілдесіп, сабақ беру барысындағы әдіс-тәсілдері туралы сұрадық.

— Мақсат, әңгімемізді тарих саласын таңдауыңыздан бастасак...

— Қазіргі уақытта мектептегі тарих мұғалімінің мақсаты - студенттерге сыни тұрғыдан оқу дағдыларын дамытуға, мәдениаралық коммуникацияны дамытуға және оқушыларды цифрлық дәуірде ақпараттарды саралай алуға дайындайтын динамикалық оқу ортасын құруға мүмкіндік беру деп санаймын.

Мектептегі тарих пәнінің мұғалімі мамандығын таңдағанда, басты мақсатым — оқушылардың тарихқа деген құштарлығын ояту еді. Мен қарама-қайшы ақпараттарды сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға, мәдени хабардарлықты арттыруға және белсенді азаматтық ұстанымды құруға тырысамын. Ынталандырушы оқу ортасын құруға тырыса отыра оқушылардың бүгін мен болашақты құрудағы өткеннің маңыздылығын бағалай отырып, өмір бойы білім алуға мүмкіндік беремін деп үміттенемін. Яғни, тарихты оқытуда фокусты тек өткенге ғана емес оның бүгінгі көрінісі мен оқиғаның келешектегі салдарына назар аударуға қоямын.

— Назарбаев мектебінде тарих пәні қалай оқытылады? Орта мектептен салыстырғанда қандай айырмашылықтар бар? Осы жағын талдап айтып беріңізші...

— Зияткерлік мектепте тарихты оқытуды орта мектеп-

термен салыстыра отырып, бірнеше айырмашылықтарды көре аламыз:

Біріншіден, барлық оқушылар CLIL технологиясы негізінде Қазақстан тарихын, географияны және құқық негіздерін қазақ тілінде оқып 10-сыныптан соң тарихи құжаттарды талдау мен эссе және 12 сыныптарды зерттеу жұмысы және түрлі тақырыпта эссе жазу арқылы Кембридж жүйесіне сай халықаралық емтихан тапсырады.

Ал сабақ барысындағы негізгі бағыттар мыналар:

Талдау тереңдігі: зияткерлік мектептер көбінесе терең талдау мен сыни ойлауға көп көңіл бөледі. Оқушыларға тарихи оқиғаларды тереңірек зерттеуге, әртүрлі интерпретацияларды қарастыруға және біріншілікті дереккөздерді

Мектептегі тарих пәнінің мұғалімі мамандығын таңдағанда, басты мақсатым — оқушылардың тарихқа деген құштарлығын ояту еді. Мен қарама-қайшы ақпараттарды сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға, мәдени хабардарлықты арттыруға және белсенді азаматтық ұстанымды құруға тырысамын. Ынталандырушы оқу ортасын құруға тырыса отыра оқушылардың бүгін мен болашақты құрудағы өткеннің маңыздылығын бағалай отырып, өмір бойы білім алуға мүмкіндік беремін деп үміттенемін. Яғни, тарихты оқытуда фокусты тек өткенге ғана емес оның бүгінгі көрінісі мен оқиғаның келешектегі салдарына назар аударуға қоямын.

талдауға негізделеді. Бұл тәсіл тарихи оқиғалар мен олардың мәнін тереңірек түсінік қалыптастыруға көмектеседі.

Зерттеуге бағытталған тәсіл: Зияткерлік мектептер зерттеуге негізделген тапсырмалар мен жобаларды көбірек қамтиды. Оқушылардан түрлі деңгейде тәуелсіз зерттеу жүргізу, біріншілікті және қайталама дереккөздерді талдау және өз нәтижелерін ұсыну талап етіледі. Бұл тәсіл оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға көмектеседі, осының негі-

зінде оқушылар жоғарыда айтқанымыздай 12 сыныпта емтиханның бірінші бөлігі ретінде зерттеу жұмысын тапсырады.

Тарихнамаға назар аударамыз: зияткерлік мектепте көбінесе тарихтың әртүрлі көзқарастары мен интерпретацияларын түсінуге баса назар аударады. Оқушылар әртүрлі тарихнамалық тәсілдермен танысады және тарихи теориялар мен дәлелдерді сыни тұрғыдан бағалауға шақырылады. Бұл сараптамалық дағдыларды дамытуға және тарихи нарративтердің қалай құрылатынын кеңірек түсінулеріне жағдай жасайды.

Пәнаралық байланыстар: Зияткерлік мектептер тарихты әдебиет немесе өзге әлеуметтік ғылымдар сияқты басқа пәндермен біріктіре алады. Бұл пәнаралық тәсіл оқушыларға әртүрлі білім салалары арасында байланыс орнатуға және та-

рихи оқиғалар туралы біртұтас түсінік алуға мүмкіндік береді. Бұл студенттерді тарихты адамзат мәдениеті мен қоғамының әртүрлі аспектілерімен сәйкес келетін динамикалық пән ретінде қарастыруға шақырады. Мысалы, бір Айда-на атты оқушы «Жеті ата» институтының тарихи аспектісін молекулярлық биологиямен ұштастырып ғылыми жобада бірінші орын алса, Мирас, Даниял атты оқушыларым тарих пен информатиканы сабақтастырып авторлық құқықты иеленді.

Маңыздысы, орта мектептер мен Назарбаев зияткерлік мектептерінің арасындағы айырмашылықтар абсолютті емес және ол мектеп пен білім беру жүйесіне, мұғалімге байланысты өзгеруі мүмкін. Мұнда келтірілген айырмашылықтар,

ең алдымен, зияткерлік мектептің тарихты оқытуға деген көзқарасының әлеуетті сипаттамаларын көрсетеді.

— Мақсат Түрсынханұлы, таяуда «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия ғылымдарының докторы атандыңыз. Өзіңіз қорғаған диссертацияңыздың өзектілігі хақында сыр тарқатсаңыз...

— Иә, Л.Н.Гумилев атындағы ұлттық университетінде «Студенттердің мәдени-тарихи санасын қалыптастырудың педагогикалық негіздері» тақы-

рыбында диссертациялық жұмысымды сәтті қорғадым. Қазіргі қоғамдағы жастардың тарихи санасының қалыптасуын зерттеу өте өзекті және үлкен маңызға ие. Студенттердің, оқушылардың тарихи санасын зерттей және дамыта отырып, біз оларды ақпараттандырылған және қоғамның белсенді мүшесі ретінде дамыту үшін маңызды қажетті дағдылар мен перспективалармен қаруландырамыз. Себебі, олардың үні алдағы оншақты жылда қоғамдық пікірді қалыптастырушы күшке айналады.

Тарихи сананың қалыптасуын зерттеудің негізгі себептерінің бірі-сыни ойлау дағдыларын дамыту. Тарихты зерттей отырып, оқушылар әртүрлі ақпарат көздерін талдауға және бағалауға, әртүрлі көзқарастарды қарастыруға және өздерінің негізделген пікірлерін жасауға үйренеді. Бұл сыни тұрғыдан ойлау

мәселелерді түсінеді және оның келешегін қалыптастыруға белсенді қатыса алады. Тарихқа мұндай көзқарас әлеуметтік келісімге, жеке жауапкершілік сезіміне және ұжымдық іс-әрекеттің ұзақ мерзімді салдарын түсінуге ықпал етеді.

Қорытындылай келе, тарихты зерттеуге, оны оқытуда инвестиция сала отырып, біз жастарға қоғамның ақпараттандырылған, оны сараптай алатын және жауапты мұшелерін қалыптастыра аламыз.

— Тарихқа деген оқушылардың қызығушылығын ояту үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолданасыз?

— Оқушыларды заманауи әдістерді қолдана отырып, тарихты зерттеуге тарту үшін мұғалімдер тақырыпты тартымды және өзекті ету үшін әртүрлі инновациялық тәсілдер мен технологияларды қолдана алады. Мұнда қолданатын бірнеше стратегия бар:

Оқу ойындары мен интерактивті тренажерлер арқылы тарихи ұғымдармен таныстыруда геймификация немесе мультимедиялық платформаларды пайдалануды атап өтер едік. Мысалы, осының нәтижесінде және Аружан атты оқушылардың ире-жасымен тарихи тақырыпқа арналған визуальды новелла жасалынды. Ол қосымша арқылы академиялық тарихқа негізделген қарапайым жігіттің отанын қорғау барысында бастан кешкендері мен жеке адами сезімдері көрініс берген қазіргі уақытта өзекті «қарапайым адам тарихы» тәсілі арқылы тарихи танымды кеңейтеді.

Сандық мұрағаттар және бастапқы көздер: сандық мұрағаттар мен бастапқы көздерге қол жеткізу студенттерге тарихи материалдармен тікелей жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Конгресс кітапханасы, Ұлттық мұрағаттар және онлайн дерекқорлар сияқты платформалар сыни ойлау мен тарихи ізденістерді ынталандыру арқылы зерттеу, талдау және түсіндіру үшін шынайы ресурстарды қамтамасыз етеді.

Сандық мұрағаттар және бастапқы көздер: сандық мұрағаттар мен бастапқы көздерге қол жеткізу студенттерге тарихи материалдармен тікелей жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Конгресс кітапханасы, Ұлттық мұрағаттар және онлайн дерекқорлар сияқты платформалар сыни ойлау мен тарихи ізденістерді ынталандыру арқылы зерттеу, талдау және түсіндіру үшін шынайы ресурстарды қамтамасыз етеді.

қабілеті бүгінгі ақпарат пен жалған ақпарат дәуірінде баға жетпес құндылық. Өйткені ол жастарға сенімді дереккөздерді біржақтылықтан ажыратуға мүмкіндік береді, бұл әлемді түсінудегі салмақты көзқарасқа ықпал етеді.

— Аталмыш еңбегіңіздің студенттерге тигізетін пайдасы қандай?

— Сонымен қатар, тарихи сананың қалыптасуын зерттеу студенттерге эмпатия мен мәдени өзара түсіністікті дамытуға көмектеседі, адамзат тәжірибесі туралы кеңірек түсінік қалыптастыра алады және жеке адамдарға және өздерінен басқа ортаға деген эмпатияны дамытады. Бұл қазіргі ашық әлемдегі толеранттылыққа, жаһандық азаматтыққа, өзара байланысты және алуан түрлі әлемде қажетті маңызды «жұмсақ дағдылар», қасиеттер.

Сонымен қатар, тарихи сана қоғамдағы ұжымдық сәйкестілік пен ортақ құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Өз ортасын қалыптастырған тарихи күштерді түсіну арқылы оқушылар өздерінің мұраларына қатыстылық пен байланыс сезімін дамытады. Олар алдыңғы ұрпақтардың қол жеткізген жетістіктерін бағалай алады, қоғам алдында тұрған

Сонымен бірге, даралау және өзектілікті пайдалану тарихи мазмұнды түсінікті ету үшін оқушылардың қызығушылықтары мен тәжірибелерімен байланыстырамыз. Тарихи оқиғалардың қазіргі қоғамға әсерін талқылап, өткен мен бүгінге параллельдер жасау арқылы және оқушыларды өздерінің отбасылық, өлкелік мәдени, тарихи мұраларын зерттеуге назар аударамыз.

Өз тәжірибелерімен және идеяларымен бөлісе алатын қонақ спикерлерді шақыру студенттердің қызығушылығын оятып, тарихи тақырыптар туралы нақты түсініктер бере алады.

Осы және өзге де заманауи әдістерді қолдана отырып, оқушылардың тарихқа деген шынайы қызығушылықтарын арттыра отыра олардың өз өмір сүріп жатқан қоғамды, әлемді қалыптастырудағы тарихтың маңыздылығын бағалауына ықпал ете аламыз.

— Әңгімеңізге рахмет! Шәкірттеріңіз де өзіңіз сияқты биіктерді бағындыра берсін!

Сұхбаттасқан
Гүлмира
БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВ МЫРЗАНЫҢ НАЗАРЫНА!

Иә, 71 жасында өмірден озған қабырғалы мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымының докторы, профессор Бердібек Сапарбаевты Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрынан ақтық сапарға шығарып салған азалы күннен соң да зуылдап оншақты күн өте шықты. Жиында Үкімет басшысы Әлихан Смайылов: «Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаевтың дүниеден озуына байланысты қайғыра көңіл айтамын. Бердібек Мәшбекұлы ұзақ жылғы еселі еңбек жолында лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып, еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өркендеуіне және өңірлерді дамытуға мол үлес қосқан еді. Қазақстанның беделі мен мәртебесінің арта түсуіне қажырлы қайратын жұмсады».



«ЕҢБЕК ЕРІ» АТАНДЫРЫП ШЫҒАРЫП САЛУ КЕРЕК ЕДІ...

Азаматтық қадір-қасиетімен ел ішінде құрметке бөленді. Соңына өшпес із қалдырған Бердібек Мәшбекұлының есімі мен жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады», – деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының көңіл айту жеделхатын оқып, соңынан жеке Өзі мен Үкімет мүшелері атынан марқұмның туыстары мен отбасына көңіл айтып сүйе. Еліміздің Тәуелсіздік тасын өрге сүйреуге өз үлесін қосқан қайраткерге қабырға қайыстырар бұндай тілек сол күнгі барлық республикалық басылымдар мен телерадиодан, марқұмның алғашқы күнгі Астанада өткен құдайы асы мен елінде өткен жетісі рәсімінде де ағын төгіп айтылып жатты.

Бұл тілектерді неге қайта алға тартып отырмын. Мен Бердібекпен Бесарық ауылында бірге туып-өскен ағасымын. Сыр-Ананың адал сүтін еміп өскен Бердібек 1995 жылы қылшылдаған 42 жасында ҚР Министрлері кабинеті аппаратының басшысы қызметінен Қызылорда облысының әкімдігіне кетіп бара жатқанда сапарына сәттілік тілеп қызмет орнына кіргенімде: «Аға, туған облысқа басшылық ету тағдырға жазылған нәсіп болыпты. Сенім артып отырған ел басшыларына рахмет. Елде оншақты жыл партия жұмысында болдыңыз, тәжірибеңіз бар, Алматыға келіп теледидарда жауапты қызмет

жасап жатқаныңызға да соншама уақыт болыпты. Енді сол туған жердің абыройын көтеруге бірге барып тірлік жасалық» деп қолқа салған еді. Творчестволық жұмысты мақсат тұтып отыз жасымда жеті баламды арқалап Алматыға әзер жеткен мен:

– Ей, Алпамыстың ұрпағы, сенің жолың менің жолымнан бөлек – мемлекеттік қайраткерлік қызмет. Бұл жолда өнеге тұтар жанды іздесең кезінде республиканы басқарған Сұлтанбек Қожанов пен Нәзір Төрешұлов, республиканың бес облысын басқарған Садықбек Сапарбаев (Мен бұл ағамыз туралы кезінде абыз-ақын Әбділда Тәжібаевтың қатысуымен бір сағаттық видеофильм түсіргенмін), тіріден тұлға іздесең Мәскеуде отырған Нұртас Оңдасынов сияқты ел құрмет тұтар ағаларың бар. Өне, солардың өмір жолы саған нағыз өнеге, сол соқпақта бол, солар салған абыройлы жолды одан әрі жалғастыр... – деп рахметімді айтып Ақмешітке шығарып салған едім.

Бір таңқаларлығы – Бердібектің тіршіліктегі осылай басталған тағдыры, оны кілең ахуалы ауыр аймақтарға, күрделі қиын шептерге салды. Соған қарамастан барған жерлерінің бәрінде ол сол қиыншылықтарды жеңе білді. Мәселен, сол кезге дейін арта қалған Қызылорда облысының ел алдындағы еңсесі жедел көтерілсе,

жылуы қалған оңтүстікке барғанда бітелі шамға қарап қалған халықтың шамы қайта жарқырады, елдің шығысына барғанда жердің шырайын ғана кіргізіп қойған жоқ, ұлттық мәселе ушығып тұрғанына қарамастан Лениннің ескерткішін бір күнде алып тастатып, орнына сыншы Бақыт Сарбала бауыры айпақшы: «Адасып қалған Абайын қойып, қауаштырды...». Ал батысқа барған сапарында Ақтөбеде құдайын ұмытқан құдайсыз қытайларды қазақ жерінде қазақтың дегенімен, тілімен тірлік жасауына иліктерді. Қырғыз ағайындармен шекаралас Әулиеата жеріне де дүнген мен қазақ арасындағы лап еткен өртті өшіруге жетті ғой...

Бердібектің қайда жүрсе де осындай жан алысып жан берісер қызмет майданының басы-қасында болғанын бәріміз көрдік. Өзі басқарған бес өңірді ұршықша иірді. Оның осы тірлігін азаматтық көзімен көре білген, «Құмырсақтың тасқа басқан ізі Тәңірге аян екенін» қашанда айта жүретін, әліптің артын бағып бүгемейтін, жас та болса бас, бүгінгі күннің белгілі зиялыларының бірі, қатарынан оза шапқан белгілі ғалым Берік Жүсіпов: «Құм көрпенің астында қалған асыл сүйегі жапанға жалғыз қонып шыққанына міне жиырма төрт сағат болды...» деп басталатын «Ой салатын ойран қаза» жоқтау

реквизит мақаласында: «...Бердібек деген қара күйе жағып даттауыңа да «қолайлы», ретін тауып мақтауыңа да сый беретін ерекше тұлға. Өйткені, Жаңа қазақстанның, Тәуелсіз мемлекет тарихының басында тұрған екі адам болса, сөз жоқ, соның бірі – Бекең... Бердібек Мәшбекұлы!» – деп ағасына лайықты бағасын берген екен. Тізе берсек осындай бағамы қаралы рәсімде сөйлеген қандаша ел ағалары мен Бердібекті ұстаз тұтқан шәкірттері, бүгінде ел басшылығында жүрген азаматтар да айтты. Бәрі де елге сіңірген ерен еңбегін айтады, бірақ еңбегіне орай берілмей қалған лайықты құрметті атақ Еңбек Ерін беріп құрметпен шығарып салу мәселесінде келгенде тілдері кібіртектеп жатты...

Мен осы ойымды Бердібек қайтыс болған күні Астанаға жетіп, сонда ас рәсімін жүргізіп отырған Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі мен аста сөз алған мемлекет қайраткері Қуаныш Сұлтанов пен қызылордалықтар атынан сөз алған ақсақал Бақтыгерей Досмамбетовтердің қолдарын алып тұрып: «Ас тізігін өз қолдарыңа алып, өзгеге айтуға мұрсат бермедіңдер. Бердібекке Еңбек Ері атағын беріп шығарып салу керектігін көтермегендерің оңды болмады» деген өз уәжімді айтып, әлі те болса жоғары жақтағыларға жеткізулерін өтініш

еттім. Министр: «Қаза үстінде мұндай әңгіме көтеру қалай болар екен...» дегенде ұлтын сүйген ұлына қайғыра білген халық пен Үкімет өз құрметін өмірден өткен жанның қырқына, тіпті, жылына дейін көрсетіп жатса үлкен сауап болатындығын айттым.

Қазір, өз қара басына болмаса басқа біреу үшін шырылдап қимыл жасай қоятын заман болмай тұр ғой. Содан бері он күн өтсе де ол жақтан жылы хабар болмай жатқан соң, Бердібектің асыл сүйегі жапанға жалғыз қонғанда 24 сағаттан соң жоқтау жазған Берік інім сияқты, соны жалғастырып 240 сағаттан соң маған да осы уәжді жазып, айтуға тура келіп отыр. Несін жасырамыз, қазір елімізде кейбір әділдікті қажет етер нәрселер бір адамның қолдауымен ғана өз шешімін тауып жатыр ғой. Бұл орайда: «...осы жылы әдеби Мемлекеттік сыйлықтың іріктеуінде осы ғасырда өмірге келген ең озық дүниелердің бірі Тұрысбек Сәукетайдың «Желқайық» романының орынсыз өтпей қалуы – көңіліңде алалық жоқ зиялы қауым үшін, көзі қарақты, ұлт мүддесін ойлайтын оқырман қауым үшін үлкен өкініш болар еді. Тұрысбек Сәукетайды лайықты сыйлығына жеткізу енді Сіздің қолда тұр деп білемін...» деп алыстағы АҚШ-та жатқан қазақ әдебиетінің алып қайраткері Құсым-Жомауиннің ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы атына әлем желі арқылы айтқан уәжі өз кезінде қолдау тапқаны есіме оралып мен де уәжімді ел басы назарына салғанды жөн көрдім.

Тәуелсіз еліміздің бес аймағын басқарып, Үкіметтің жалпыға емес, жалқыға ең қажет әлеуметтік саласының жетекшісі болып өмірден өткен Бекең берілер бұл Еңбек Ері атағы өз басына енді керегі де жоқ. Бірақ ел келешегі үшін, ұрпақ тәрбиесі үшін өте қажет екендігін ұмытпасақ. Туған халқының рухани дамуына риясыз еңбек еткен қайраткер, қоғамдық күштер мен билік институттары арасында үйлестіруші ұйтқы бола білген Бердібек осы атаққа лайық қазақтың нағыз марқасқа жігіті болып өмірден озды....

**Құрметпен,
Бақтыбай АЙНАБЕКОВ,
«Қазақстан қажылары діни
бірлестігінің төрағасы, жазушы.**

Алматы

■ БІЛІМ

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТІҢ» ЖАҒДАЙЫ ҚАЛАЙ?

Алматыда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы табысты іске асса, мектептердегі орын тапшылығы 6 мыңға дейін төмендейді. Бұл туралы Алматы қаласының кәсіпкерлер палатасы жанындағы Білім беру ақпараттық қызметі директоры Ақеркін Ералиев Кеңес жұмысын бастап, төрт бағыт бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын айтты.

«Төрт бағыт бойынша осындай конструктивті диалог жүргізу үшін біздің кеңесте үш комиссия болады: мектепке дейінгі білім беру, бастауыш, техникалық және жоғары білім. Осындай кең форматта білім беру деңгейлерінің барлық өкілдері айына бір рет кездеседі. Бірақ біз өзекті жұмыс мәселелерін күн сайын талқылауға дайынбыз», – деп атап өтті Ақеркін Ералиев.

Спикер кеңес мүшелері бір-бірімен жақынырақ танысып, іскерлік байланыс орнатуы үшін жиналыстарды оқу орындары базасында ұйымдастыруды ұсынды.

Кеңес қатысушылары білім беру саласындағы ең өзекті мәселе – оқушы орындарының тапшылығы екенін атап өтті. Мұның басты себебі – Алматыдағы ішкі және сыртқы көші-қон қарқыны дейді мамандар. Ресми мәліметтер бойынша, Алматыда мектеп оқу орындарының тапшылығы 27 мың орынды құрайды. Жыл сайын мегаполисте балалар саны орта есеппен 12-14 мың балаға артып келеді.

Мамандардың пікірінше, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы арқылы тапшылық айтарлықтай азаяды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын табысты іске асыру кезінде орын санының жеткіліксіздігі басқарылатын тапшылыққа – 5-тен 6 мың орынға дейін төмендетілетін болады. Алматы қаласы үшін бұл қалыпты жағдай. Көші-қонды ескере отырып, тапшылық мүлдем болмайды деп айта алмаймыз», – деп атап өтті Алматы қаласы білім басқармасының жалпы орта білім беру бөлімінің басшысы Ақмарал Айтуарова.

Спикер барлық мектепке белгілі бір көшелер бекітілгенін айтты. Олар микроучаскелер деп аталады.

«Бүкіл қала картасын шағын микро аудандарға бөлінген. Мұнда мектептерге қадамдық қол жетімділік ескеріледі. Біз жүктемені түсіру үшін шамадан тыс жүктелген мектептердің учаскелерін қайта қарастырдық. Егер жақын жерде балаларды қабылдай алатын басқа мектеп болса, онда біз кейбір көшелерді сол мектепке бағыттаймыз. Бұл да жұмыс тиімділігіндегі жақсы шаралардың бірі», – деп атап өтті Ақмарал Айтуарова.

Білім басқармасының мәліметінше, қазіргі уақытта Алматыда 214 мемлекеттік мектеп,

99 жекеменшік мектеп жұмыс істейді. Жалпы контингент 320 601 оқушыны құрайды, оның ішінде 28 мың бала жеке мектептерде оқиды.

2018 жылы мемлекеттік мектептер жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшті. Жекеменшік мектептер 2019 жылдан бастап Астана қаласының «Қаржы орталығы» арқылы мемлекеттік тапсырыс алады. «Қаржы орталығының» интернет-ресурсындағы барлық ақпарат ашық жарияланған.

Алматы қаласы Білім басқармасының мектепке дейінгі тәрбие бөлімінің басшысы Әлия Сағиева мектепке дейінгі ұйымдармен болған жағдай туралы айтты.

«Бүгінгі таңда бізде Алматы қаласы бойынша 900 жекеменшік мектепке дейінгі ұйым бар. Оның ішінде 193 мемлекеттік және қалған 707 жекеменшік мектепке дейінгі ұйым. Жыл сайын бізде шамамен 58 000 млрд теңге бөлінеді. Оның жартысы, шамамен 27 000 млрд теңге, біз жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарға бөлеміз. Мен «Атамекенге» алғыс айтқым келеді. Біз Палатамен тығыз жұмыс істеп келеміз», – деді Әлия Сағиева.

Жиында білім беру мазмұны да атап өтілді. Колледждердің статусына қатысты Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің стратегиялық даму және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректоры Жанар Рысбекова пікір білдірді.

«Колледждер бейресми білім беру қағидаттарын ескере отырып, сұраныста болады. Қазір сарапшылар колледжде оқып, содан кейін Google-да немесе басқа ресурстарда кейбір модульдерді оқып алу жеткілікті дейді. Осы модульдердің арқасында жоғары білім алуға болады деп ойлайды. Осы курстардың барлығын ескере отырып, негізгі орта арнайы білім жоғары білімге есептелгенге дейін барады. Болашақта олар жоғары білімді қамтиды деп күтеді. Жоспарлау кезінде арнайы орта білімді нашарсыз қалдырмауды сұраймыз. Өйткені жоғары білімге лицензия алу қиынырақ», – деді Жанар Рысбекова.

Алматы қаласы ӨКП адами капиталды дамыту бөлімінің сарапшысы Жанар Ибрагимова білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мәселелері туралы айтты.

Осы жылдың 9 қаңтарынан 27 ақпанына дейін 2023-2025 жылдарға арналған кадрларға қажеттілікке байланысты сауалнама жүргізілді. Оған ҚР бойынша 51,2 мың кәсіпкерлік субъекті қатысты, оның ішінде 13,1 мың кәсіпорын кадрларға қажеттілікті көрсетті. Алматы қаласы бойынша сауалнамаға 5 285 компания қатысты, олардағы жұмысшылар саны – 288 537 адам.

Әлия КЕМЕЛБЕКОВА

ОРТАЛЫҚ ТАРИХЫ ТЕРЕҢДЕ

Бала – бауыр етіміз. Сондықтан жауқазын буынның денсаулығы қай кезде де маңызды. Елдің ертеңгі иелері – жас өскіннің амандығын сақтауда тер төгіп жүрген бірден-бір мекеме – Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы десек артық айтқандық емес. Алғаш Ана мен бала денсаулығын қорғау ғылыми зерттеу институты ретінде қаланған ғылыми орталықтың тарихы сонау 1932 жылдан бастау алады. Тарихы теренде жатқан орталық өткен жылы 90 жылдығын атап өтті.

90 жылдық тарихы бар орталықтың негізі қаланғалы әр жылдар аралығында өз білігі мен білімін көрсетіп, балалар денсаулығын оңалту мәселесіне үлкен үлес қосқан, денсаулық сақтау саласының жетекші мамандары мен ұйымдастырушылары мекемеге басшылық жасады. Атап айтқанда, Т.Лебединская, Ю.Богданович, Г.Маковская



Асылжан ЕРЕКЕШОВ,
Педиатрия ж не бала хирургиясы
ғылыми орталығының басқарма
Төрағасының клиникалық қызметтер
жөніндегі орынбасары, ҚР ДСМ-нің
штаттан тыс Бас неонаталды хирургы,
профессор:

– Педиатрия және балалар хирургиясы ғылымы орталығының мамандары ширек ғызметі турлі аурулар бойынша күрделі оталармен жиі бетпе-бет келеді. Сондай оталардың бірі таяуда ғана кішкентай пациентіміз Даниалға істелді.

Компьютерлік томография негізінде балаға алдын ала асқазан мен ішектің аралас қосарлануы, торакоабдоминалды түрі деген диагноз қойылды. Яғни, өңештің кистозды қосарлануы, аш ішектің кистозды және түтіккі қосарлануы.

Бес күн ішінде нәрестенің жағдайын қалпына келтіру шаралары бойынша жұмыстар жүргізілді. Баланың өміріне қауіп төніп тұрғандықтан, операцияны шұғыл жүзде атқаруға шешіме қабылданды. Жұде туған нәрестеге бір мезетте екі ота жоспарланды. Бірінші ота сол жақтағы торако-томия, өңештің қосарланған бөлігін алып тастау бойынша. Ал екіншісі, он екі елі ішектің қосарлануын алу мен ашық ішектің бір-біріне анастомоз арқылы қалыптастыру операциясы. Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының білікті дәрігерлері жаңа туған нәрестелерге арналған жан сақтау бөлімінің меңгерушісі Нұрсұлтан Құрбанбеков, нәрестелер хирургы Гүлмира Кәукембаевалармен бірлесе атқарылды.



Қанат ӘШІРБАЙ,
Педиатрия және балалар хирургиясы
ғылыми орталығының неонаталды
хирург дәрігері:

– Біздің ұжым Альтамир атты жаңа туған нәрестеге бауырдың туа біткен гемангиомасын алып тастау бойынша күрделі ота істеді. Мұндағы жағдайдың күрделілігі – көлемі үлкен ісіктің жатыр ішінде қарқынды өсуінде. Сондай-ақ, ісікті алып тастау кезінде қиындықтар тудыруында. Аталмыш ісікте кавернозды қан тамырлар көптігіне байланысты нәрестеге қанның көп кету қаупін туғызды. Комбинирленген отаның нәтижесінде қан кетуді мүмкіндігінше азайттық. Көлемді ісік баланың ішкі құрылыстарын және өкпе аймағын қысып тастаған. Нәрстеден салмағы жарты келіден асатын ісік алып тасталды. Сәтті өткен операция нәтижесінде кішкентай пациентіміздің жағдайы жақсарып, аман-есен үйіне шығарылды.

4 сағаттан аса уақытқа созылған күрделі операцияны Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының білікті дәрігерлері: Хирургиялық блоктың жетекшісі К.Хаиров, рентгенонауталды хирург А.Оңласынов, неонаталды хирург Ш.Қасенов, Қарқынды терапия блогының жетекшісі Г.Әлімханова, Нәрестелерге арналған жан сақтау бөлімінің меңгерушісі Н.Құрбанбековтермен бірлесе атқарды.

ЕЛ ЕСЕНДІГІ ЕРТЕДЕН САҚТАЛАДЫ

және Ф.Курганская, Н.Грюнберг, А.Розанова, Э.Медведковский, профессор И.Стычинский, А.Авенирова, Х.Мурзалиева, Ә.Бисенова, К.Орманбаева, А.Машбеков, К.Мәжібаев, С.Диқанбаева, Е.Аязбеков, С.Нукушева, Р.Боранбаева сынды білікті ақ халатты абзал жандар институтты басқарды.

Орталықтың басты мақсаты мен міндеті – инновациялық технологияларды және медицина ғылымының озық жетістіктерін қолдана отырып Қазақстандағы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, балаларға сапалы медициналық қызмет көрсету және өңірлерде педиатриялық қызмет жұмысының іске асуын үйлестіру.

Медицина ғылымдарының кандидаты Абай Құсайынов тізгінін ұстаған орталық бүгінде заман талабына сай дами түсті.

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының Басқарма төрағасы Абай Құсайыновтың бастамасымен атқарылып жатқан ауқымды істер жетерлік. Солардың бір парасына толығырақ үңіле түсуді жөн көрдік.

ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ ҮЛГІСІ

Балалар денсаулығын нығайту бағытында табанды еңбек етіп келе жатқан институтта дәрігерлердің көп жылдық тәжірибесі педиатрия және балалар хирургиясы саласындағы медицина мен ғылымның инновацияларымен үйлесім тапқан.

Бүгінде орталықта 900-ден астам қызметкер халыққа қалтқысыз қызмет етуде. Оның ішінде – 177 дәрігер. 8 медицина ғылымдарының докторы, 28 медицина ғылымдарының кандидаты, 2 PhD докторы, 1 биология ғылымдарының кандидаты бар. Емдеу мекемесі 285 төсек-орынға арналған. Клиникада Қазақстанның әр түркірінен жылына 7000-нан астам бала қажетті медициналық көмек алады.

Орталықтың ерекшелігі сол – мұнда қызмет атқаратын дәрігерлердің барлығы дерлік кәсіби білікті мамандар. Себебі, олардың басым бөлігі озық әлемдік клиникаларда, атап айтқанда Израиль, Түрік елі, Испания, Чехия, АҚШ, Оңтүстік Корея, Ресей, Германия, Ұлыбритания, Австрия елдерінде түрлі тағылымдамалардан өткен.

Педиатрия және бала хирургиясы ғылыми орталығында туа біткен даму ақауын, қан ауруларын, қатерлі ісікті, туа бітті жүрек ақауларын, тыныс алу және ас қорыту органдарының ауруларына ем жүргізеді. Сондай-ақ, тұқым қуалайтын синдромдарды, біріншілікті иммунитеттілігін және басқа да балалар жасындағы күрделі ауруларды әлемдік стандарт бойынша емдейді. Ол үшін хирургия, неонатология, онкология және гематология, жалпы педиатрия, пульмонология, балалар кардиохирургиясы, урология сынды 20-дан астам бөлім жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Сонымен қатар, орталықта әртүрлі салаға арналған 4 жан сақтау бөлімшесі жұмыс істейді және заманауи жоғары деңгейде



Абай Құсайынов,
Педиатрия және балалар хирургиясы
ғылыми орталығының Басқарма төрағасы

жарақтандырылған аферез және трансфузиология бөлімі қамтылған гемопозддік дің жасушалардың сапасын бақылау зертханасы, клиникалық-диагностикалық бірегей зертханалар бар.

ӘЛЕМДІК СТАНДАРТҚА САЙ

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы әлемнің озық үлгідегі клиникаларымен, орталықтарымен және қоғамдарымен ынтымақтастық орнатып, жемісті жұмыс істеп келеді. Атап айтқанда, Израиль, АҚШ, Греция, Оңтүстік Корея, Беларусь, Ресей, Германия сынды әлемдік жетекші клиникалармен бірлесе еңбек етіп келеді.

Сондай-ақ, Италияның Бергамо қаласындағы кардиохирургиялық орталығымен, Германияның Шаритэ университеттік медициналық кешенімен, Мәскеудің Д.Рогачев атындағы балалар гематологиясы ғылыми орталығы және иммунологиясы ғылыми-онкология институтымен, Оңтүстік Кореяның Пуссондағы университеттік клиникасымен, Венгрияның гемопозддік дің жасушаларын трансплантациялау және балалар гематологиясы орталығымен, Ресейдің А.Н.Бакулев атындағы жүрек-қан тамыры хирургиясы ғылыми орталығымен және т.б көптеген әлемнің маңдайалды медициналық орталықтарымен нәтижелі жұмыс жүргізіп келеді.


Қай кезде де халыққа сапалы қызмет көрсетуді көздеген орталықтың салада жеткен жетістіктері де жетерлік. Қазақстандағы ғылыми медициналық мекемелер арасында

Ғасырға таяу уақыт өмір мен өлім арасындағы кішкентай «жүректерді» сақтап, талай ананың алғысын, әкенің батасына алған орталық қызметкерлернің барлығы өз мамандығына адал жандар. Әрбір нәрестенің ел болашағына үлес қосар азамат боларын естен шығармайтын Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы 90 жыл бойы ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек етуде. Орталық өз жұмысын алдағы кезде де заман талабына сай жетілдіріп, жас мамандарға білім беру мен ғылыми ізденістерді ұштастыру арқылы ұлт денсаулығын жақсарту беруге толайым үлестерін қоса берері сөзсіз. Өйткені, «Мемлекеттің басты байлығы – адам» екенін жақсы түсетін ақ халатты абзал жандар өздеріне жүктелген жауапкершілікті зор екенін жақсы түсінеді.

Гүлмира САДЫҚ

ИСТОРИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ СОЗДАНИЯ ИНДУСТРИИ ТУРИЗМА В РК

В глобальном рейтинге туризма в 2021 г. Казахстан занял «среднее» 66 место среди 117 стран (в 2019 году – 80 место из 140). В основном это происходит из-за высоких цен, низкого качества сервиса и инфраструктуры, слабой PR-кампании Казахстана за рубежом. Стоимость отдыха в основном зависит от цены проживания, питания и авиабилета (от расходов на дорогу).



ЗНАНИЕ ОПЫТА ПРЕДКОВ – ОСНОВА НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ

Мы поговорили о развитии регионального культурно-исторического туризма с известным писателем-исследователем Торегали Казиевым. Его исследования отличаются нетривиальным и уникальным подходом, при помощи которого писатель по крупицам собирает пазлы рассыпанной и разрушенной истории и восстанавливает древнюю картину Степи.

– Торегали Абдуллаулы, вы известны своими исследованиями древнейшей истории Степи. Как соотносите развитие туризма с историей, археологией?

– Развитие туризма тесно связано с активной политикой сохранения культурного и исторического наследия страны. А у нас история не изучена.

Мэтр мировой дипломатии Генрих Киссинджер приезде в Астану в 2005 г. сказал: «Казахстан – это колыбель цивилизации!»

А нам в 1991 г. достались учебники с лозунгом: «...казахи начались в XV в.!». И за 31 год независимости изучение собственной истории не получило еще должного развития. Такого, какое есть в передовых странах.

К примеру, в Великобритании к работе на земле не допускают без исследования археологами. И для этого есть 3000 коммерческих археологов. Евреи мира каждую субботу всей семьей изучают Тору – о древностях своего народа, чтобы брать конкретные уроки для повседневной жизни. В США каждая служба имеет историков-системщиков, которые изучают любой вопрос с точки зрения истории и выдают анализ, предложения и прогнозы результатов вариантов развития настоящего и будущих событий.

– Каким вы видите развитие туризма в регионах, страны в целом?

– Возьмем, к примеру, Актюбинскую область, и рассмотрим ее как образец для страны. Площадь этой области больше площади Великобритании на 58129 кв. км, но в ней не наберется и полутора десятков археологов... Историей в стране мало кто еще вчера всерьез интересовался, и находились люди, которые говорили, что до 1991 г. у казахов никогда не было своего государства!

Разве можно удивляться тому, что веками у нас сравниваются с землей многие ценные древние памятники – некому изучать и защищать их! Ни одной пирамиды в области не осталось, ни одного древнейшего города, сотни тысяч курганов исчезли. Нужно исправлять ситуацию.

Исторический туризм мог бы вытянуть за собой и другие виды этой отрасли. Узнавание опыта предков подстегнуло бы оптимальное развитие культуры, образования, науки, технологий, экономики и обороны. Повысило бы конку-

рентоспособность и уровень мягкой силы, ценимой в мире.

А в мире: при слове «Египет» все с восхищением вспоминают о пирамидах, фараонах и о реке Нил! «Греция» – Геракла, Посейдона, Прометея и Парфенон. «Италия» – Ромула, Ватикан и романский стиль в искусстве. «Англия» – короля Артура, Стоунхедж и англиканский стиль. «Франция» – Париж, стиль мерovingовский и так много говорящие каменные аллеи Карнака, где на каждом камне табличка об охране французским государством!

ТУРИЗМ ЗАНИМАЕТ 3 МЕСТО ПОСЛЕ ТОРГОВЛИ НЕФТЬЮ И АВТОМОБИЛЯМИ

– Чем отличается история Степи в глобальном плане?

– Мало кто знает, что Египет в древности был провинцией Турана (II.43. Вестник Древней Истории. 1947. с.250-251), Прометей – «скифским царем» (Диодор Сицилийский), Рим построили этруски-тюрки (М.Алинеи), а король Артур был сарматом (Г.Рейд). Ватикан начинался как тюркский – Оттекен! Такое название сохранилось в Монголии, в Туве, Башкортостане, на Кипре, в Италии, на Кавказе, но уничтожено – в Казахстане, Средней Азии и др.

Стили искусства в Европу принесли сарматы (М.И.Ростовцев) с реки Илек, что протекает в Актюбинской области РК и в Оренбургской области РФ.

– Какова роль туризма?

– Туризм в мировой экономике занимает 3 место после торговли нефтью и автомобилями. Грецию с населением в 10 млн человек и площадью 132 тысячи квадратных километров в 2018 г. посетило 33 млн туристов, туризм дал 25% ВВП страны. В Швейцарии с населением 8 млн человек 15% национального дохода дает туризм – там в каждой деревне по 2 музея, посвященные местной истории!.. Турция в 2022 г. приняла 44 млн интуристов и получила от этого 46 млрд долларов дохода. И планируют там в 2028 г. принять 90 млн интуристов с получением доходов до 100 млрд долларов!..

По словам министра Асхата

Оралова, за 9 месяцев 2022 г. Казахстан посетили 610 тысяч интуристов. В расчете на год – около 800 тысяч интуристов. По мировым меркам индустрии туризма у нас нет.

СОЗДАТЬ ИНФОРМАЦИОННУЮ БАЗУ ИСТОРИКО- ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ТУРИЗМА

– С чего надо начинать?

– Начинать необходимо с создания информационной базы историко-познавательного туризма. Любой уголок страны имеет грандиозное прошлое, о чем остались следы археологические, топонимические, духовно-культурные и др.

Покажем на примерах, что исторические события, на основе коих можно создать широко посещаемые туристские объекты, бывали во всех уголках Актюбинской области, что даст новые рабочие места жителям самых отдаленных аулов.

Например, на юго-востоке в Иргизском районе можно создать комплекс, посвященный царице Томирис и батыру Шыраку, чьи подвиги вызвали поспешное бегство так рвавшегося сюда, бряца оружием, царя персов Дария I (около 519 г. до н.э.).

Раньше в школьных атласах по истории красным крестиком отмечалось то место, куда дошли тогда персы – на стыке Иргизского района с пустыней Каракумы. Там сейчас рядом желтая дорога – есть хорошее сообщение. И куча возможностей для развития и других видов туризма – они восстанут из пепла под сенью знаменитейших древностей!..

– Еще какие исторические события?

– Первый поход персов на Степь во главе с царем Киросом II состоялся летом 530 г. до н.э., когда в битве на берегу Амударьи он погиб – об этом есть в фильме «Томирис». Целью походов был захват Урало-Мугалжарской горно-металлургической базы, но не тут-то было! Наши предки умели воевать. Исторические фильмы – духовный

хлеб, кара нанфа да куанарсын, аш болсан...

И третий поход персов во главе с Дарием I в 513 г. до н.э. опять был сюда: дошли персы до местности, где текли реки Лик (Илек), Танаис (Таналык), Сиргис (Иргиз) и Оар (Ор) – те наши реки и сегодня имеют те же названия (Геродот. История. М. 2006. с.275). Геродот записывал со слов разных людей и в книге есть неточности, но назвать все четыре реки точно – это же именно наша местность!

На реке Ор Дарий стал строить крепость, но степняки во главе с царем Иданбарием не дали ему сделать это. Дарий, бросив многих и пеших воинов, в панике бежал опять. Так вот, на северо-востоке области, на берегу реки Ор также



можно построить великолепный потрясающий трубофьект, если, конечно, привлечь к стройке талантливых людей. А не стандартных говорунов-«исполнителей», забалтывающих намертво любую живую идею.

– Царица Томирис имеет отношение к казахам?

– Массажеты, чьей царицей была Томирис, (карамасак) и кете, которые и сегодня живут тут, в частности и в Иргизском районе. А прошло ведь с 519 г. до н.э., когда рвавшееся в Степь персидское войско задыхалось от жажды в приральных Каракумах, аж целых 2542 года! Какая любовь и приверженность степняка к родной суровой и прекраснейшей земле! Я как попадаю в иргизскую пустыню, такую неповторимую и величавую, что не опишешь никакими красками, смотрю на горизонт и жду – будто беру в руки лук и вытаскиваю стрелу из большого пра-пра-...дедовского колчана...

На юге области в Борсык кумах еще в каменном веке располагались кыстау первого собственно казахского хана Алаша (Ж.Артыкбаев) – какой замечательный и знаменательный трубофьект будет! И железная дорога там тоже рядом – соединяет Каспийское море с ратушей, как на дрожжах, столицей Астаной.

В ИЛЕКО-КОБДИНСКОМ МЕЖДУРЕЧЬЕ – ТЫСЯЧЕЛЕТНЯЯ САРМАТИЯ

– Какие еще есть исторические места?

– Илеко-Кобдинское междуречье находится на северо-западе Актюбинской области. И вот, представьте, что именно здесь в древно-

сти формировалась тысячелетняя Сарматия от Балтийского моря до Китая!

В книге польского археолога Тадеуша Сулимирского «Сарматы», вышедшей в 1970 г. на английском языке и переведенной на русский язык почему-то под другим названием «Сарматы. Древний народ юга России», повествуется: «...есть нечто печальное в судьбе сарматов... Побывали почти во всех странах Западной Европы, а на востоке дошли до Китая... Сарматскую историю трудно отделить от истории многих других народов и стран, поскольку в течение многих веков вся Восточная Европа была их вотчиной и носила название Сарматия. Теперь они почти забыты... Сарматы внесли вклад



в развитие искусства и традиции, которая легла в основу многих течений в искусстве средневековой Европы – мерovingовского, англосаксонского, романского. Но и тут их роль обычно обходят молчанием!..

Да, о сарматских корнях истории и культуры многих стран мира широко пока не говорят, но раскопки их памятников ведут почти по всей Евразии, и даже более тысячи лет истории, с VII в. до н.э. по IV век н.э., называют в науке скифо-сарматским временем!

И вот, завотделом сарматологии Института Археологии в Москве Константин Фёдорович Смирнов, сам раскопавший в 1950-60-х гг. десятки курганов по Илеку, пишет в книге «Сарматы на Илеке» (1975): «Сарматия сформировалась на Илеке!» У нас тут – я же здесь на берегу Илека эти строки пишу!

Первым шагом в создании информационной базы необходимо издать эти две работы с тем, чтобы их знали широко и в мире и в Казахстане. А книгу Т.Сулимирского «Сарматы» перевести с языка оригинала, т.е. с английского на казахский язык, т.к. при переводе на русский допущены, к сожалению, неточности, что видно уже из заглавия. Ну, какими же южанами могли быть сарматы, если даже Балтийское море тогда называлось Сарматским океаном, а Ледовитый океан – Скифским (Птолемей Александрийский. География. Кн. III гл. 5. II в. н.э.)?! Приилече с его жёсткими ветрами, буранами и 30-и градусными морозами ни к какому югу не причислишь...

Дастан ЕЛДЕС
(продолжение в
следующем номере)



Зерттеушілердің айтуына қарағанда, дүниежүзіндегі жазба балалар әдебиетінің тарихы ертедегі грек мысалшысы Эзоптың мысалдарынан басталады екен. Антикалық бұл тұлға б.д.д. 6 ғасырда өмір сүріп, бүгінгі заманға жеткен аз ғана есімдердің бірі. Жалпы оның өмірде болу, болмауының өзі екіталай деген пікірлер де бар. Бірақ көптеген мысалдар осы Эзоптың есімімен тығыз байланысты екенін де атап өтуіміз керек. Сол замандағы талантты комедиограф болып есептелетін Аристофан «Егер сен Эзоптың шығармаларын білмесең, надансың» деген сөздерді айтыпты-мыс.

Купер, Марк Твен және басқаларын есімдерін жиірек атайды екен.

Осылардың арасына әсіресе кең тараған ертегілер француз жазушысы Шарль Перронікі болып табылады. Оның «Ұйқыдағы ару», «Қызыл телпек», «Көк сақал», «Етік киген мысық», «Феялар», «Күл қыз», «Тырнақтай бала» және тағы басқаларының халық арасына кең тарағаны сондай — олардың сюжеттерінің негізінде түрлі мультфильмдер мен көркемсуретті фильмдер түсірілген. Және де көп жерде бұл шығармалардың авторына да назар аудармай, жалпы халықтікі болып кеткен сияқты әсер етеді. Сондықтан да ауыз әдеби-

Сөйтіп арнайы барып жолыққаны бір тақуа адам екен. Алғашында ол өзінің кім екендігін білдірмей, құбатөбе болып киінді дейді автор. Тақуа күрепкен жер қазып жатыр екен. Патша болысып, жер қазады. Бірақ, оның қойған сұрақтарына тақуа адам бірден жауап бермейді. Ақыры ештеңе шығара алмағаннан кейін патша дереу қайтуға жиналады. Сол кезде бұлардың қасына жаралы бір жаяу келеді. Жарасын таңып берген патшаға жаңағы жаралы «Кешіріңіз» дейді. Сөйтсе, әке-шешесі осы патшадан зәбір көріп, мына баласы соның кегін алмақ болып жүрген екен.

Кейін қарай қайтатын болып,

бүркіттің көтеріп кетуі. Ол бүркіт көк өгізді көтеріп апарып, бір серкенің мүйізіне қонды дейді автор. Сол арада серкенің қандай үлкен екендігін шамалауға болатын сияқты. Осы кезде өгізді жеп отырса, жаңбыр жауып кеткеннен кейін малшы да серкенің омырауына тығылған екен. Сол кезде көзіне әлдеқандай бір нәрсе түсіп кетеді. Шаруа иек бұрмай жүре берді де, кешкісін үйге келіп әйеліне көзін көрсетеді. Сонда әйелінің көзден суырып алғаны — бағанағы бүркіт жеген өгіздің жауырыны болып шығады. Сонда осындағы жан-жануарлар бірі бірінен үлкен болып көрінеді де, мифологиялық

жанрлық анықтама беруге болар еді. Бұның өзі жазушының бір жағы тапқырлығы болса, екінші жағынан халық ауыз әдебиетін жете білгендігінің, содан үйренгендігінің нақты көрінісі деп айта аламыз.

Сәкен Сейфуллиннің «Хан мен өтірікші Тазша бала» деп аталатын ертегісі кезінде түрлі кітаптарға шығып, тіпті оқулықтарға да енген екен. Бірақ бұл шығарманы қарап отырсақ, оны толығымен жазушының авторлығына бере салуға болмайтындығы байқалады. Өйткені бұл шығармада халық аузында кең тараған «Қырық өтірік» ертегісінің желісі мен мұндалап тұр. Соған қарағанда, С.Сейфуллин бұны халық аузынан жинап жазып алып, өзінің шығармаларының қатарына қосқан болуы әбден ықтимал. Таза авторлық шығарма деп айтуға болмас.

Өйткені ол осы «Қырық өтірік» ертегісін С.Сейфуллинға дейін-ақ Ы.Алтынсарин, А.Алекторов және басқалары халық аузынан жазып алып, оқырман жұртшылыққа аз ғана айырмашылықтарымен ұсынып жүрген екен. Бұлардың ішінде ең тәуірі — кейін «Қазақ ертегілері» деп аталатын кітаптарға еніп, бүгінгі күнге дейін жеткен нұсқасы. Сондықтан да «Ең керемет дәм» атты жинаққа С.Сейфуллиндікі деп енген ертегіні біз халықтікі деп пайымдауға мәжбүрміз.

Төмендегі тізімдегілер — 20-ғасыр басындағы балалар әдебиетіне үлес болып қосылған прозалық туындылардың елеулілері ретінде аталатындар. Бұлардың ішінде ертегі мысалдар да, шағын әңгімелер де, қазақи түсінікке жақындатылған аудармалар да бар. Бас-басына атап айтар болсақ, олар — Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қарға мен лашын», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Бәйшешек бақшасы» атты шағын әңгімелер топтамасы, Ахмет Байтұрсынұлының «Мен қалай оқуға бардым?», «Екі балықшы», «Ата насихаты», «Қарға мен құмырша», «Талас», «Жібек құрты мен өрмекші», «Балықшы мен балық», «Серке мен түлкі», «Торғай мен қарлығаш», «Үлеске ұсталық», «Енші үлесу», «Бақсы», «Ақылды соқыр», «Көртешкен мен кірпі», Спандияр Көбеевтің «Жырлы мен бай», «Екі соқа», «Құмырша мен көгершін», «Ат пен есек», «Қоян мен көлбақалар», «Түскі тамақ пен кешкі тамақ», «Қайырымды бала», «Атасы мен немересі», «Балалар мен мұғалім», «Құстың ұясы», «Өсиет», «Шал мен балалар», «Айтыс», «Қаз», «Қасқыр мен қойшылар», «Арыстан, есек және түлкі», «Құйрықсыз түлкі», «Кедей мен қоян», «Түлкі мен қырғауыл», «Көгершін мен таған», «Қасқыр мен кемпір», «Қарға мен көлбақа», Міржақып Дулатовтың «Бөрік», «Жаз», «Жазғы кеш», «Байлық», «Үй хайуандары», «Қасқыр қысты қалай өткізеді», «Қоян», «Оқымысты бала», Жүсіпбек Аймауытовтың «Шұбар тайым табылды», «Ұмытшақ Ұлбосын», «Ит пен бала», «Қара торғай», «Торғай мен қарлығаш», «Жаңа талап», «Боранды болжағыш әулие», «Әркімдікі өз қамы» және т.б.

Нұрдаулет АҚЫШ,
жазушы, филология
ғылымдарының докторы

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ: АЛҒАШҚЫ ЭПИКАЛЫҚ ҮЛГІЛЕР

Одан кейінгі Жан Лафонтеннен Иван Крыловқа дейінгі аралықтағы мысалшылардың қатарының өзі бірсыпыра көрінеді. Жалпы, мысал ертегілер жанрындағы сюжеттердің едәуір бөлігі көшпелі. Мәселен, Эзоптың «Түлкі мен жүзім» деп аталатын мысалының мазмұны аш түлкінің жүзімдіктің арасына кіріп, салбырап тұрған жүзімдерді бойы жетпегендіктен жей алмай кетуіне байланысты. Сонан кейін ол өзін өзі «Әлі көк екен ғой» деп алдарқатыпты. Міне, осы ситуация Крыловтың мысалдарында, оның қазақша аудармаларында да басқа сипатта кездесіп отырады. Орыс мысалшысы жүзімнің орнына ілулі тұрған етті қолданады.

Балаларға арналған алғашқы суретті кітапшаларды шығарушығармашылығы атақты чех педагогі Ян Амос Коменскийдің есімімен тығыз байланысты көрінеді. Бұл кісі өз заманында кіші жастағы балаларға арнап «Суретті әлем» деп аталатын кітапшаларды шығарумен даңқы жайылыпты.

Жалпы, балалар мен жасөспірімдер әдебиетінің дүниежүзілік тарихы жайында көптеген мағлұматтар келтіруге болады. Бұлардың ішінде әсіресе басым орын алатыны — шығырман оқиғалы және авантюралық романдар. Олардың қатарында француз Франсуа Рабленің «Гарган гюа мен Пантагрюэль», Мигель Сервантестің «Дон Кихот», Даниэль Дефоның «Робинзон Крузо», Джонатан Свифттің «Гулливёрдин саяхаттары», Рудольф Эрих Распенің «Барон Мюнхаузенге байланысты» немесе «Барон Мюнхаузеннің басынан кешкендері» деп аталатын шығармасы. Бұлар дүниежүзіне кең тараған барлық халықтардың балалары білетін классикалық туындылар болып саналады.

Одан өзге жазбаша ертегілердің де көптеп дамығанын ескермесе болмайды. Ертегі жанры жазбаша дамытушылардың арасында ерекше аталатындар — Шарль Перро, ағайынды Гриммдер, Эрнст Гофман, Вильгельм Гауф, Ганс Христиан Андерсен және басқа да Европалық қаламгерлер. Романтикалық прозаның дамуына көбірек үлес қосқандар американдық жазушылар екен. Зерттеушілер Вашингтон Ирвинг, Фенимор



тінің дәстүрі біздің жазба әдебиетіміз дамыған бертінгі кезеңдерде де көш соңында қалып қойған жоқ. Жазба әдебиетіміз Кеңес дәуірінде де биік асуларға шыққан жылдарда да дәстүр сабақтастығы өзінің жалғасын тауып отырды. Көптеген қаламгерлеріміз өз тараптарын естіп-білген ауыз әдебиетінің үлгілері бойынша жеңіл тақпақтар мен жырларды, ертегілер мен аңыз мысалдарды құрастырып, ұсынып жатты.

Көрнекті ақынымыз, атының өзі аңызға айналған Шәкәрім Құдайбердіұлы қаламынан туған жекелеген прозалық үлгілер, ертегілер де бар екенін біреу білсе, біреу білмеуі ықтимал. Басқасын айтпағанда, ол кісінің «Үш сауал» атты ертегісі назар аударып, талдауға тұрарлық дүние деп білгеніміз абзал.

Мұнда бір патша ел-жұртына шарт қойып: «Үш түрлі нәрсені күнібұрын білген адам бақытты болар еді, соны тауып берген адамға көп сый беремін» деп жариялайды. Ол үшеуі «Қайсысын қандай уақытта істеген жақсы?», екіншісі — «Ең керекті кісі кім?» және үшіншісі — «Ең керекті іс не?» деген сұрақтар. Бұны естіген патшаның маңайындағы қызметіне жарап жүрген еті тірі пысықтар осы сұрақтарына байланысты өз жауаптарын жарыса ұсынып жатады. Бірақ, дәл соға алмай, айтатындары — айналсоқтаған жауаптар. Олардың ешқайсысы көңілінен шықпағаннан кейін, патша ешкімге сыйлық бермей, қойған сұрағының тиянақты жауаптарын өзі тауып алмақ болады.

патша алғашқы сұрағын қайта қояды. Сонда тақуа: «Бұл үш сөзіңізге де жауап берілді ғой» депті. «Ол қалай?» дегенге бұл мәселенің мәнісін тақуа былайша таратып берген екен дейді: «Егер менің шаршағанымды біліп, маған болыспасаң, үйге ерте кайтар едің. Сол кезде мына кей алғысы келіп жүрген жігіт сені өлтірер еді. Сонда ең жақсы мезгіл — маған болысқан уақытын. Ең керек кісі мен болдым сонда. Ең керекті ісін мына жарасын байлап, қанын тыйған сәтін болды. Ал ол кезде ең керекті кісі осы жаралы болды дейді. Ертегіде айтылатын ойдың тұжырымы — әрбір керекті істің, керекті адамның өзінің орны, уақыты болатындығы.

Шығарманың осындай-ша философиялық қорытындымен аяқталуы, әлбетте, жастыңдарманды ойландырғанымен, мағынасын толық түсініп алуы қиына соғуы мүмкін. Сондықтан бұл ертегіні тым кішкентай балаларға емес, есейіп саналары жетіліп қалған жеткіншектерге лайықталған деп білуіміз керек. Автордың батырлар жырларында кездесетін ертегілерді де пайдаланғаны байқалады.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Көк өгіз» ертегісі бір жағынан халық аузына кең тараған «Қырық өтіріктің» сюжетін еске түсіреді. Бірақ, бұл арада сюжеттің негізін арқауын пайдаланғанымен, автордың көркемдік қорытындысы, жасайтын психологиялық түйіні басқашалау. Мәселен, аса абайсыз семірген көк өгізді

шығармаларда қолданылатын гипербола, дамыту тәсілдерін автор прозалық шығармасында да пайдаланыпты.

Ертегінің соңында қайталанып еске салынған «ұзын сирақ, жарғақ құлақ» жануардың не екені ашық айтылмайды. Бірақ осы суреттеуіне қарап-ақ өмірде жақсы білетінін оқырман оның аңшылардың айнымас серігі тазы ит екенін анық аңғарар еді. Әрине, бүгінгі 21-ғасырдың жас оқырманы үшін бұл бір жағы бұлыңғырлау болып қалуы да ықтимал. Оның не екендігіне көз жеткізуге сеніп тигізетін — тақырыптық энциклопедия мен анықтамалықтар. Бұл бір жағы оқырманның өзінің ізденуіне мүмкіндік беретін стимул.

Осындай лингвистикалық ұстанымдармен оқырман назарын аудару басқа да прозалық ертегішілердің шығармаларында да кездесіп жатады. Бұл да ауыз әдебиетіміздегі ертегі дәстүрін сабақтастықты сақтай отырып, ертегі жанрының табиғатына ішінара жаңаша сипат берудің бір тәсілі деп білгеніміз жөн.

Жүсіпбек Аймауытов өзінің «Көк өгіз» ертегісінің соңында «Енді мұны, оқушылар, ойларына жүгірт: көк өгізді көтеріп жатқан бүркіт күшті ме? Немесе көк өгіздің жауырыны көзге түскенде шөп құрлы көрмеген кара шаруа күшті ме? Жоқ, үш жүз кісіні ер-тоқымымен, қару-жарағымен сүйреп кеткен түлкі мықты ма?..» деген сияқты сұрақтарды қояды. Сөйтеді де, жауабын өзі береді.

Осы тұрғыдан алғанда бұл шығармаға «жұмбақ-ертегі» деп

Бүгінде жастар саясатын дамыту мәселесіне мемлекеттік деңгейде ерекше көңіл бөлініп, жан-жақты жағдайлар жасалынып жатқаны белгілі. Соған орай әділет органдарына ресми тіркелген жастардың қоғамдық ұйымдар саны да жыл сайын көбейіп келеді. Олар қоғамның дамуына түрлі салалар бойынша өздерінің үлестерін қосуда. Солардың қатарында Қазақстан Халқы Ассамблеясы құрамындағы жастар ұйымдары да бар. Алматы қаласы «Ассамблея жастары» РҚБ Өкілдігінің төраға орынбасары Омар Мохаммедсаруар ұйымның жан-жақты жұмысы туралы тілшілерге тарқатып айтып берген болатын.



БІРТІЛДІЛІК КӨПҰЛТТЫ ҚОҒАМДЫ БІРІКТІРЕДІ



Жалпыұлттық бірлік аясында жастардың әлеуметтік белсенділіктерін дамыту, олардың бастамаларын қолдау өте маңызды. Алматы «Ассамблея жастары» ұйымы жастар саясаты аясында бірнеше бағытта түрлі жобаларды жүзеге асыруды қолға алған. Мысалы, «Social Assembly» бағытында жастарға жұмысқа тұруға, білім алуға, әлеуметтік мәселелерін шешуге көмек береді. Жастар мемлекет көрсететін мүмкіндіктерін айналысты. «Таза орта» бағдарламасында экологиялық шараларға белсенді қатысып, қаланы көгалдандырып, өзен, көлдерді қорғауға тартылады. «Jasta media» саласы да жастарды қызықтырады. Ұйым мүшелері медиасуаттылықтарына

арттыра отырып, өздері де YouTube платформасына заманауи контент ұсынумен айналысады.

Тағы да бір маңызды бағыт тіл мәселесіне байланысты «Бірлік тілі» бағытындағы жұмыстарды speaking club форматында өткізіп, онда тілмен қоса қатысушылар қазіргі әдебиет, музыка, қазіргі заманғы өнер, фильмдер жайлы кеңінен сөз болады. Омар Мохаммедсаруардың ойынша көпұлтты қоғам бірлікте өмір сүруі үшін олардың тілдері де бір болуы керек. Біртілділік көп ұлтты қоғамды біріктіреді, өзара байланыстарын нығайтады. Бұл бағытта «Ассамблея жастары» ұйымы бірқатар жобаларды іске асыра бастаған. Солардың бірі ағымдағы жылдың 22 сәуірінде басталған «Үйде сөйле» жобасы болып табылады. Айта кетелік, жобаның ашылу салтанаты Астана қаласында депутаттар мен Ассамблея жастарының қатысуымен өткен болатын. Бұл жобаның басты мақсаты айқын. Елімізде толық шешімін таппай жатқан мемлекеттік тіл мәселесіне де қатысы бар. Яғни жастар арасында қазақ тілін насихаттау, елімізде қазақ тілінде еркін сөйлейтін өзге ұлт өкілдерінің сөйлеуін арттыруға ықпал ету, қазақ тіліне ұтаралық қатынас тілі мәртебесін беру. Жұмыс енді ғана басталғанмен жобаға қызығушылық танытып, қазақ тілін үйреніп жатқандар аз емес екен. Қызығушылық танытушылардың дені «Ассамблея жастарының» мүшелері, ал ол түрлі этнос өкілдерінен тұратыны белгілі.

Алматы қаласы жүзден аса ұлт өкілдері өмір сүретін көпұлтты қала және олардың басым бөлігі жастар. Жастардың көбі толерантты, өте білімді, бір-бірінің ұлттық

ерекшелігін, салт-дәстүрін, дінін, тілін құрметтейтін болса дамыған қоғам құра алады. Сондықтан да бұл ұйым Алматы қаласының жастарының жан-жақты дамуына, әлеуметтік мәселелерін онынан шешуге, мемлекеттік тілді игеруіне ықпал етуді басты мақсат тұтады. «Мен Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі ретінде мемлекетіміздегі ұлтаралық келісімге жоғары баға беремін. Көп ұлтты қазақ қоғамындағы ұлтаралық қарым-қатынастың жақсы болуына, жалпыұлттық бірлікті нығайту жолында қызмет ондаған жылдар бойы қызмет етіп келе жатқан Қазақстан Халқы ассамблеясының маңызы зор. Ассамблея тәуелсіздік алған жылдары дер кезінде түрлі ұлтаралық қақтығыстар мен түсініспеушіліктердің алдын алуға қызмет етті, сол еңбектің нәтижесін бүгін көріп те отырмыз. Сондықтан да Қазақстан Халқы ассамблеясының әлемнің ешбір мемлекетінде жоқ институт деуге болады, 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері мемлекетімізде өзара бірлікте, тату-тәтті өмір сүруде» — дейді Омар Мохаммедсаруар.

«Ассамблея жастары» Алматы қаласы аймақтық қоғамдық ұйымы аймақтық органдармен бірлесіп экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы күрес жүргізіп келеді. Осы орайда ұйымның ұйытқы болуымен Алматы қаласында зорлық-зомбылық пен экстремизмнің алдын алуға бағытталған форумдар, семинарлар, жастармен кездесулер тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Қазақстанның әрбір облысындағы «Ассамблея Жастары» қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері өткізетін іс-шараларда

шаһардағы кез келген жастар өздерінің тұрмыстық әртүрлігін қарамастан орын алатын жанжалдардың алдын алу және шешу әдістерімен жете танысуға мүмкіндіктері бар.

Жастардың қауіпсіздігі қашан да қоғам назарында болатыны түсінікті. қатысты өзекті мәселелерді де қашан да басты назарда ұстайтын Алматы қаласындағы «Ассамблея жастарының» бұл бағыттағы іс-шаралары туралы хабар берген спикер: — «Жастардың қауіпсіздігі — қоғамдағы ең бір өзекті мәселенің бірі. Әсіресе еліміздің түкпір-түкпірінен білім іздеп, жұмыс іздеп келетін жастардың қарасы Алматыда өте көп. Сондай-ақ, Алматы көптеген ұлт пен ұлыстың басын бір арнаға тоғыстырған қала. Сондықтан да бұл бағыттағы жұмыстар қашан да қарқынды жүргізілуді талап етеді. Осынау үдеден шығу үшін Алматыдағы «Ассамблея жастары» қоғамдық бірлестігі «Кибербуллинг: әлеуметтік желілердегі қудалау», «Алаяқтыққа қарсы күресте Алматы қаласының полициясы мен жастар қоғамдық ұйымдарының ынтымақтастығы», «Синтетикалық есірткінің таралуына қарсы күресте «Ассамблея Жастары» еріктілерін қолдау», «Студент жастардың қауіпсіздігі», «Жастар ортасындағы экстремизм: айырмашылығы неде?» атты форумдарды дәстүрлі түрде өткізіп келеді» — дейді.

Мұндай жиындардың мақсаты — қоғамға залалын тигізетін жат қылықтардан жастардың бойын аулақ ұстауға үндеу. Ертенгі болашағымыз жастар қауіпсіз өмір сүргенде ғана еліміздің келешегі кемел болары сөзсіз.

3. ҚАБИОЛЛАҰЛЫ

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Құлтөлеу МҰҚАШ

Бас редактордың бірінші орынбасары –
Зейнолла АБАЖАН

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы –
Гүлмира САДЫҚ

БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:
Телен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

Түркістан облысы:
Әбдіғәппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШИМ (8-702-489-47-23)

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасулан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мұғтан ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш»
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуына қарай.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www.qazaquni.kz

Кезекші редактор Дастан ЕЛДЕС

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	429,24	3 ай	қала	1287,72	6 ай	қала	2575,44	12 ай	қала	5150,88
1 ай	ауыл/аудан	447,86	3 ай	ауыл/аудан	1343,58	6 ай	ауыл/аудан	2687,16	12 ай	ауыл/аудан	5374,32

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында
басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген